Г. Ж. Есенжолова

# ҚАЗАҚ ТІЛІ

Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған
оқыту орыс тілінде жүретін арнайы мектептердің
(сыныптардың) 9-сыныбына арналған әдістемелік құрал

Алматы
2021

**ӘОЖ 376**
**КБЖ 74.3**
**Е 79**

**Есенжолова Г. Ж.**
**Е 79** **Қазақ тілі.** Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған оқыту орыс тілінде жүретін арнайы мектептердің (сыныптардың) 9-сыныбына арналған әдістемелік құрал / Г. Ж. Есенжолова. – Алматы: «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2021. – 76 б.

ISBN 978-601-347-221-8

ӘОЖ 376
КБЖ 74.3

**ISBN 978-601-347-221-8**

© «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2021

# КІРІСПЕ

Оқу-әдістемелік кешен (ОӘК) орыс тілінде оқитын жеңіл ақыл-ой кемістігі бар балаларды қазақ тіліне оқытудың Типтік оқу жоспары мен жаңартылған мазмұндағы бағдарламаға сәйкес, сондай-ақ осы қарастырылып отырған санаттағы балалардың танымдық әрекетінің ерекшеліктерін есепке ала отырып құрылған. Кешен оқулықты, осы әдістемелік құралды қамтиды. Оқу-әдістемелік кешенді жеңіл ақыл-ой кемістігі бар балаларды кез келген жағдайда: жалпы білім беру мектебінің арнайы сыныбында да, сондай-ақ инклюзивтік білім беру жағдайындағы әдеттегі сыныптарда да оқытуды ұйымдастыруда пайдалануға болады.

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Сондықтан да қазақ тілін орыс тілді мектептерде жүйелі оқыту үдерісін қалыптастыру бүгінгі күннің басты талабына айналып отыр.

«Қазақ тілі» пәнін орыс тілінде жүретін арнайы мектептерде оқытудың **маңыздылығы** – мемлекеттік тілді қадірлейтін, оның қоғамдық мәнін түсінетін және тіл нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білетін жеке тұлға қалыптастыруға көмектесу.

«Қазақ тілі» пәнін орыс тілінде жүретін арнайы мектептерде оқыту **мақсаты** – оқушылардың қарапайым түрде күнделікті тұрмысқа, оқуға қатысты тақырыптар мөлшерінде ауызекі сөйлесу, түсіну, өз ойын қазақ тілінде жеткізе білу дағдыларын дамыту және әлеуметтік ортада еркін қарым-қатынас жасауға қажетті сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Оқушыларды оқуға, жазуға және тіл арқылы қарым-қатынас жасау қызметінің түрлерін (тыңдау, оқу, сөйлеу, жазу) меңгеруге үйрету, ойлау қабілетін дамыту.

Оқу-әдістемелік кешеннің мазмұны келесі **міндеттерді** шешуді қамтамасыз етеді:

1) **тәрбиелеу** және балалардың **жалпы танымдық** үдерістерін дамыту саласындағы міндеттер. Балалардың интернационалдық,

патриоттық, Отанға деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру, дамыту. Негізгі ұғымдар мен құбылыстарды таныстыра отырып, балалардың жалпы ой-өрісін, танымдық қабілеттерін (зейінін, есте сақтауын), сөйлеу белсенділігін дамыту;

2) **қазақ тілі фонетикасын** игеру саласындағы міндеттер. Қазақ тіліндегі дыбыстарды жеке, сөзде, сөйлемде дұрыс айтуға дағдыландыру. Қазақ тіліне тән үндестік заңын практикалық түрде игеру, жуан, жіңішке дыбыстарды ажырата білу;

3) **сөздік қорын** дамыту саласындағы міндеттер. Тақырыптар бойынша қазақша сөздік қорын заттың атын, сынын, қимылын білдіретін сөздермен толықтыру, молайту. Жаңа сөздердің мағынасын түсіну, мағынасы бойынша топтастыру. Сөздік қорын молайтуда аударма және түсіндірме сөздіктерді пайдалана білуге үйрету;

4) **қазақ тілі грамматикасын** игеру саласындағы міндеттер. Көптік жалғауларды пайдалану арқылы заттың көпше түрлерін анықтау, түсіну, қолдану дағдыларын қалыптастыру. Зат есім қосымшаларының, септік жалғаулардың мағынасын түсіну: түбір + қосымша үлгілерін практикалық түрде меңгеру. Есімдіктің шағына, жағына қарай етістікті өзгерте білуге, мағынасын түсініп қолдана білуге үйрету. Сөз жасау және сөйлем құрау, мағынасын кеңейту дағдыларын қалыптастыру. Сабақта өтілген сөздерді, сөйлемді, күнделікті өмірде қолдану үшін орфографиялық, пунктуациялық ережелерді сақтай отырып оқу, жаза білу;

5) **байланыстырып сөйлеу тілін** дамыту саласындағы міндеттер. Диалогтік және монологтік сөйлеу (ауызекі, жазбаша тіл) дағдыларын қалыптастыру. Берілген сұраққа жауап бере білу, сұрақ қоя білу, бірнеше сөйлемдерден шағын мәтін құрастыру, қарапайым тақырып бойынша өз ойын жеткізе білуге үйрету. Қазақ тіліндегі жарнамаларды, ісқағаздарын, мәтіндерді оқып түсінуге машықтандыру. Қазақ тілі этикасына байланысты сөйлеу мәдениетін меңгерту.

Қорытындылай келгенде, қазақ тілін оқытудың негізгі мақсаты – тілді шынайы да толыққанды қарым-қатынас құралы ретінде үйрету. Әрбір қазақ тілі сабағы – мәдениетаралық қарым-қатынас тәжірибесі. Себебі, әрбір сөз қазақ елінің өмірі мен мәдениетін, қоғамдық ой-пікірін, өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді. Демек, оқыту орыс тілінде жүретін арнайы мектептердегі оқушыларға қазақ

тілін үйрету, олардың қазақ тілін оқып, жазу және мұғалімнен, оқулықтан алған білімдері қазақ еліне қазақ халқының көзімен қарау қабілетін дамытуға негіз болып табылады. Ол қазақ тілін үйрету сабақтарында елтанымдық мәліметтерді енгізе отырып жүргізгенде жүзеге асады.

Әдістемелік құрал мұғалімге қазақ тілі бойынша оқу үдерісін жоспарлауға, сондай-ақ әрбір оқушыға қолданылатын сараланған тәсілді ойлау және жүзеге асыру үшін негіз болатын оқушылардың жетістіктерін ағымды бақылауды ұйымдастыруға арналған ұсынымдар берілген. Әдістемелік құралда оқулықпен жұмыс ерекшеліктеріне тоқталып, мұғалім үшін күнтізбелік жоспардың, ортақ тақырыптардың технологиялық карталарының, оқу мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелердің, оқушылардың оқу жетістік картасының және сабақтардың ақпараттық карталарының үлгілері берілген. «Жетістіктер» бағанында оқушының біліміне сәйкес келетін мынандай шартты белгі қойылады: меңгерді «+», меңгерген жоқ «–», жартылай меңгерді «0». Баған күнтізбелік жоспарда қарастырылған тақырыпты өткеннен соң, қайталау және жалпылау сабағынан кейін толтырылады. Алынған мәліметтер негізінде мұғалім әрбір оқушының меңгере алмаған тұстары бойынша қорытынды жасайды және онымен жеке жұмыс жасау жоспарын құрады. Мұғалімге жеке карталардың негізінде қазақ тілі пәні бойынша сынып үлгерімінің мониторингін жүргізу ұсынылады. Оның көмегімен мұғалім оқушылардың қай тақырыптарды жеткілікті түрде меңгермегенін, өзінің жіберген ағаттықтарын анықтап алады және осы кемшіліктерді жою бойынша жоспарды құра алады.

# ОҚУЛЫҚТЫ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ

«Қазақ тілі» оқулығының өзіндік ерекшелігі – оқушының бірбірінен бөлек білім мен дағдыларды ғана игеруді емес, оларды кешенді түрде игертуді көздейтін сараланымдық тәсілдеме мен құзыреттілікке бағытталған оқытуды жүзеге асыруды ескере отырып құрылуы.

Мектепте оқуды аяқтау және дербес өмірге көшу фактісін ескере отырып, 9-сыныпта оқушылардың қазақ тілін практикалық тұрғыда меңгеруіне баса назар аударылады. Түлектердің көпшілігінің білімі 9-сыныптан кейін аяқталады, сондықтан оқушыларды қоғамдағы дербес өмірге дайындау үшін өз қажеттілігіне қазақ тілінде қол жеткізе алу өте маңызды болады.

Орыс тілінде оқитын мектепте қазақ тілін оқытудың қазақ мектептерінде қазақ тіліне оқыту тәсілдеріне қарай өзіндік ерекшеліктердің болатынын есте ұстау керек. Қазақ мектептерінде өтілетін қазақ тілі сабақтарында оқушыларға, негізінен, сол тілдің грамматикалық құрылысының заңдары, тілдік әдеби нормасы үйретіледі. Ал орыс тілді мектепте өтілетін қазақ тілінің мақсаты – оқушыларға қазақ тілін қатынас құралы ретінде үйрету. Демек, ана тілін оқытумен басқа тілді оқыту бірдей емес, оқыту әдістері де әртүрлі. Оқушылар күнделікті өмірде қазақша сөйлесе білуге, өз ойын сауатты жеткізе алуға міндетті. Ол үшін бағдарлама көлемінде көрсетілген жаттығулар бойынша жұмыс жүргізу арқылы оқушылардың сөз байлығын молайтып, қазақша сөйлеп, жаза білуге жаттықтырады.

Мұғалімнің әрбір сабаққа дайындығы күрделі де жауапты жұмыс. Оқу материалының мазмұнын балаларға тиімді жеткізуді ойластыру дайындықтың алғашқы бөлігі болып табылады. Мұғалім бағдарламаның өткен, алдағы және одан кейінгі сабақтарға қатысты бөлігін, олардың арасындағы байланыс пен дәйектілікті орнату үшін талдау керек. Осы сабақта алдына қойып отырған нақты педагогикалық міндеттер мен мақсаттарды жақсылап ойластыру – сабаққа дайындықтың өте маңызды бөлігі болып табылады. Содан кейін оқулықтағы материалдың оқушыларға түсінікті болуын, мысалдардың тақырыпқа сай болуын, тақы-

рыптардың жүйелілігін мұқият оқып-үйрену қажет. Сұрақтар мен тапсырмалардың оқушыларға түсініктілігін, олардың орындалу жүйелілігін, маңызын талдау қажет.

Сабаққа дайындық негізгі оқулықпен танысып қоюмен шектелмеуі тиіс. Мұғалім оқулықтағы материалды жан-жақты білуі, кеңінен, тереңінен түсінуі қажет. Бұл оған сабақты басқаруға, материалды шеберлікпен, шығармашылықпен түсіндіруге, оқушылардың танымдық қабілеті мен қызығушылықтарын тудыруға, белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Ал бұл өз кезегінде сабақта қолданылған әдістемелердің нәтижелілігі туралы тұжырымдауға мүмкіндік береді. Мұғалімнің шеберлігі, біріншіден, сабаққа дайындығы мен жаңашыл әріптестерінің тәжірибесін пайдалана алуымен тікелей байланысты. Ол үнемі және мақсатты түрде өз білімін, өз тәжірибесін жұмыстың жаңа тәсілдерімен толықтырып отыруға міндетті.

Әр мұғалім жаңа сабақты жоспарлағанда, тек сол тақырыппен, берілген материалмен ғана шектелмей, оқушының түсіну, қабылдау қабілетін қалай дамытсам, оқушыға не берем деген мақсат ұстанса, сондай-ақ қазіргі оқытудың жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерін қолдана білсе ғана оқушыларға да сапалы білім мен тәрбие бере алады. Оқулыққа жағдаяттық тапсырмаларды енгізу мақсаттарының бірі – зерде даму бұзылыстары бар оқушыларды қазақ тіліне оқытудың практикалық бағыттылығын қамтамасыз ету. Түзете-дамыта оқытудың негізгі түрлерінің бірі – оқушының әрекетін баланың күнделікті өмірінен алынған мәселелік жағдаятты шешуге бағыттаған дұрыс. Ол үшін тікелей жауап табуға болатын сұрақтардан басқа, дұрыс жауап беру үшін оқығанды талдау, өмірлік тәжірибені қолдануды қажет ететін сұрақтар ұсынылады. Осылайша жағдаяттық тапсырмалар білім беру, сондай-ақ күнделікті тұрмыстық мәселелерді шешумен байланысты міндеттерді шешуге бағытталған. Олар оқушыларға қазақ тілі сабақтарында алған білімдерін қарапайым өмірде қалай пайдаланатынын көрсетеді. Оқулықта әр ауыспалы тақырыптың соңында, сол тақырыптың мазмұнына сәйкес оқуға, тіл дамытуға арналған оқу материалдары берілген.

Оқулықтағы тапсырмалар күрделілік деңгейі бойынша бірдей емес.

Жасыл дөңгелек күрделіліктің бірінші (төмен) деңгейін білдіреді. Бұл тапсырмаларда оқушы нысанның суретін немесе мұғалім сипаттап көрсеткен жағдаяттық бейнені оқып, көрсетуі керек. Сары дөңгелек оқыту міндетінің күрделілігінің екінші (орташа) деңгейін көрсетеді, ол қазақ тілін түсінуді және өз сөзінде қазақ тіліндегі сөздерді қолдануды, оны мұғалімге қайталап айтуды қамтиды. Қызыл дөңгелек күрделіліктің үшінші (жоғарғы) деңгейін көрсетеді. Ол суреттерде көрсетілген бейнелерге қазақ тілінде өздігінен сипаттама беріп, тапсырмаларды ережеге сай талдап, түсіндіріп бере алатындай дәрежеде іске асыру көзделеді. Оқушылардың тапсырмасының күрделілігі әртүрлі қызметтегі жетістіктері үшін бақылау негізінде таңдалады. Әр оқушыға қарапайымнан күрделіге дейінгі тапсырмаларды біртіндеп және дәйекті түрде күрделендіріп арттыру керек. Барлық оқушылар күрделіліктің барлық деңгейлеріне қол жеткізе алмайтынын ұмытпау керек. Оқушы өзінің мүмкіндіктеріне сәйкес, мысалы, күрделілігі бірінші деңгейдегі оқу материалымен ғана жұмыс істеуге құқылы.

Оқушы мәтінде өзіне берілген деңгейдегі тапсырмаға қол жеткізсе, онда мұғалім ол оқушыны келесі деңгейлік тапсырмаға көшіріп отырады.

Сондай-ақ оқулықта деңгейлерге бөлінбеген тапсырмалар да бар. Мұғалім сыныптағы оқушылардың даму, қабылдау, меңгеру деңгейлерін бағалай отырып, тапсырмаларды өзі таңдай алады. Кейбір тапсырмаларды орындауды сыныптағы барлық балаларға ұсынуға болады. Бұның бәрі мұғалімнің шығармашылығына және оқушыларды бақылау нәтижесіне тәуелді болады.

# ЗЕРДЕ БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР БАЛАЛАРДЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ОҚЫТУ ТӘСІЛДЕМЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жоғары сыныптарда қарапайым теориялық білімді ұғынып, оны сөйлеу қызметінде практикалық тұрғыдан меңгеру басталады. Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлерімен танысады, тыныс белгілерін қоюды үйренеді. Арнайы мектеп оқушыларының қабылдауына лайықты жиі қолданылатын синоним, антоним, омоним сөздермен, тұрақты сөз тіркестермен, көпмағыналы, түбірлес сөздермен, сөздің грамматикалық мағынасы, сөз құрамы, сөз таптары оқытылатын тақырыптар аясында практикалық түрде таныстырылады. Жоғары сыныптарда жазба жұмыстарын кеңірек жүргізу қажет. Жұмыс түрлері біртіндеп күрделенеді, тек ауызша айтумен қатар сол айтқанын жазады.

Оқу орыс тілінде жүретін мектептерде оқушыларды қазақша сөйлей алатын деңгейге жеткізу, яғни мектеп бітірген оқушылар қазақша ауызекі сөзге түсінік беріп, өздері қазақ тілінде көрген, білгенін, ойын айтып, оқып, жаза алатын болуы көзделеді. Қазақ тілін белгілі бір деңгейде меңгеру үдерісін тиімді түрде жеңілдету үшін диалог, диалог-нақтылау, сұрақ-жауап тәрізді әдістемелер кеңінен пайдаланылу керек. Мәтін мен диалогтің арасалмағы да өзгереді. Егер дәстүрлі әдістемеде мәтінге көбірек орын беріліп, диалог мәтін материалдарын қайталау, нақтылау үшін пайдаланып келген болса, заманауи әдістемеде диалог ақпаратты оқытудың сөйлеуге, сөйлесуге дағдыландырудың негізі ретінде игеріледі.

Оқыту барысында жаңа технологиялық әдістерді пайдалану оқушылардың ойлана білу қабілеттерін дамытады, олардың білім сапасын жақсартады, ой-өрісін кеңейтеді, есте сақтау қабілеттерін дамытады. Оқыту мен дамыту әдістерінің екеуі де жеке тұлғаның қалыптасуына үлкен ықпал ететін маңызды айғақтар болып саналады. Дамыта оқытуда оқушының ойлау, ізденушілік, зерттеушілік қабілеттері артып, талдау арқылы белгілі бір шешімге келуге, оны дәлелдей білуге, оқушының өз ой-пікірін айтуға мүмкіндік беріледі. Оқу – адамның психикалық дамуының формасы, элементі. Кез келген оқыту белгілі бір мөлшерде адамды дамытады.

Оқушы бағдарламаны өте жақсы меңгермесе де, оқуға деген ынтасы пайда болып, сынып ұжымымен байланысы жақсарса, дүние туралы түсінігі, онымен қатынасы өзгерсе, онда оқыту өте тиімді (пайдалы) жүрген деп бағаланады.

Арнайы білім беру мектептерінде оқушының сөйлеу іскерліктерін дамытатын жұмыстарға басымдылық беріледі. Бұл, әлбетте, түрлі мәтіндермен кешенді жұмыс арқылы ғана мүмкін болады. Мәтін тілдің көркем сөзде, яғни сөз өнерінде атқаратын қызметін жан-жақты танытуға жетелейді. Мәтін арқылы оқыту оқушының сөйлеуді ұлттық мәдениеттің компоненті ретінде меңгеруінің маңызды факторы – тілдік ортаны қалыптастырады. Яғни, оқушының өз ортасы арқылы дамуына табиғи жағдай жасалады. Мұнда оқушылар бір мәтінді талдау барысында өзара ой бөлісуге, пікір таластыруға, ортақ ой қорытындыларын жасауға үйренеді. Мәтін арқылы сөйлеу әрекеті компоненттерін толық әрі бір-бірімен тығыз сабақтастықта жүргізуге жол ашылады. Сөйлеу әрекетінің оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым секілді бөліктері қатар жүргізілетін жұмыстар оқушының ауызша, жазбаша сөйлеу мәдениеттерін жетілдірудің қайнар көзі болып саналады. Бұл тілді оқыту сапасының айқын көрсеткіші деп есептеледі. Мәтінмен жұмыс оқушының субъект ретінде өзін әр қырынан танытуына мүмкіндік тудырады. Мәтін мазмұнына сәйкес түрлі тілдік жағдаяттар тудыруға, оқушының логикалық ойлауын мақсатты түрде дамытуға, олардың сөйлеу белсенділігін арттыруға да қатысты тапсырмаларды түрлендіруге болады.

Қазақ тілін меңгертуде оқушылардың әрбір сөздің мағынасына мән беруіне ерекше көңіл бөлінгені дұрыс. Себебі сөздің көпмағыналылығына байланысты, бір сөздің екінші сөзбен үйлесушілігінде, сөздерді қолдануда және нақты жағдаяттарға байланысты кейбір қиындықтар туындайды.

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушы жиі жағдайда сөйлемді нақты, айшықты және бейнелі түрде құруға қиналады. Бұл қиындықтар белгілі бір нысанды сипаттап, салыстырғанда да, жазбаша тапсырманы орындағанда да кездеседі. Баланың сөздік қорының кедейлігі белгілі бір қиындықтарды тудырады. Баламен жұмыс істейтін маманның міндеттерінің бірі – ол баланың сөздік

қорын байыту. Синоним және антоним сөздермен таныстыруды жалғастыру осы қызметтің маңызды бір бөлігі болып табылады.

9-сыныпта мазмұндама жазуға көп көңіл бөлінеді. Мазмұндама – оқушының өз ана тілі мен әдебиетінен алған білімін тексерудің негізгі нысандарының бірі. Мазмұндама арқылы баланың өз ойын жүйелі баяндай білу қабілеті мен тіл байлығы, сауаттылық деңгейі айқын көрінеді. Мазмұндаманы бағалауда оқушы жұмысының мәтін мазмұны мен негізгі ойға сәйкестігі, тақырыптың толық ашылуы, баяндау жүйесі ескеріліп, сөздік қорының деңгейіне, сөйлем құрылысына, мәтіннің стильдік біртектілігіне, тіл шеберлігіне назар аударылады.

Шығарма жазуға үйретудің де белгілі бір талаптары болады. Мысалы:

- Тақырыпты оқушының өз ойы және сөзі арқылы (оқулықтан көшірмей) толық аша білуі.
- Жазып отырған тақырыптан алшақтамай, оның мазмұнын нақты ашуға талпыну.
- Шығармада сөз болған жайды оқушының өзі ғана емес, басқаларға да түсінікті болатындай орамды тілмен, аз сөзге көп мағына сыйғыза баяндауы.
- Шығарманың барлық бөлімдерінің бір-бірімен тақырып, негізгі ой арқылы шебер байланысуы.

Сондай-ақ оқушының өз шығармасында әртүрлі көркем шығарма кейіпкерлерін салыстыра отырып, орынды жерде дәйексөз келтіруі, ауыз әдебиеті үлгілерінен, сын мақалалардан, әдебиеттану еңбектерінен өте шағын үзінділерді қисынымен қолдану жоғары бағаланады.

Арнайы мектептерде сөздіктермен жұмыс істеудің маңызы зор. Жалпы, қалыптасқан тәртіп бойынша мүмкіндігі шектеулі оқушыларға арналған сөздіктердің сипаты да өзгешелеу болатындығы белгілі. Көбіне-көп оларда біркелкілік басым және сын есім, көмекші етістіктер, дерексіз ұғымдағы, жалпы (жинақтау) мағыналы сөздердің қоры өте шағын. Көпмағыналы сөздерді, әсіресе олардағы түсініктің ауысып отыратынын ұғыну балаларға өте қиынға түседі. Сөздердің басым бөлігі енжар сөздікте берілген.

*1-қосымша*

## АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ПЕДАГОГІНЕ АРНАЛҒАН КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР ҮЛГІСІ

Қазақ тілі пәні 9 сыныбы

Аптасына: 2 сағат, барлығы: 68 сағат

| № р\с | Сабақтардың тақырыбы | Оқудың мақсаттары | Сағат саны | Мерзімі | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **І тоқсан** | | | |
| | | **«Ғылыми жаңалықтар мен технологиялар» ауыспалы тақырыптың мәнмәтінінде** | | | |
| 1-2 | Қайталау | 8-сыныпта өткен материалдарды еске түсіру. Оқушылардың білім қорын анықтау.<br>1. *Тыңдалым*<br>Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіндіру және нақты ақпаратты анықтауға үйрету. Тақырыпты тірек сөздер арқылы болжай білуге дағдыландыру.<br>2. *Айтылым*<br>Сұрақтарға толық жауап беруге машықтандыру. Мәтін мазмұнын өз сөзімен айтып беруге дағдыландыру.<br>Оқушыларға сөйлесім әрекетінің түрлерін күнделікті қарым-қатынас деңгейінде меңгерту.<br>3. *Оқылым*<br>Мәтінді түсініп оқуға жағдай тудыру. Мұғалімнің өтініші бойынша мәтіннің кез келген жерін тауып оқуға үйрету.<br>4. *Жазылым*<br>Ұқыпты, таза жазуға дағдыландыру. Берілген тақырып бойынша сөйлем құрап жазуға үйрету. | 1-2 | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 5. *Тілдік бағдар беру*<br>Үстеу, шылау туралы білімдерін нақтылау. Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. | | | |
| 3 | Сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасы | 1. *Тыңдалым*<br>Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтауға үйрету.<br>2. *Айтылым*<br>Берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беруге, шағын диалогке қатысуға үйрету. Оқыған шығармалардың мазмұнын айтқызу. Мәтіннің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.<br>3. *Оқылым*<br>Оқыған сөздердің мағынасын түсінуге көмектесу. Сөздердің тура және ауыспалы мағыналарын ажырата білуге үйрету. Көпмағыналы сөздің қажеттісін таңдай білуге үйрету. Басылымдардағы (газет, журнал) мақалаларды түсінуге көмектесу.<br>Іштей оқу дағдысын дамыта отырып, мәтіннен негізгі және қосымша ақпараттарды айыруды үйрету.<br>4. *Жазылым*<br>Берілген жазба тапсырмаларын орындату. Сөйлемдер құрап жазуға үйрету.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Тура және ауыспалы мағыналы сөздерді, көпмағыналы сөздерді көркемдік ерекшеліктеріне сай қолдану. Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. | 1 | | |
| 4 | Синоним, антоним, омоним | 1. *Тыңдалым*<br>Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтауға үйрету.<br>2. *Айтылым*<br>Шағын көлемді мәтіндердің мазмұнына жоспар құру, соған сүйеніп баяндауға машықтандыру. Мағыналары бірдей және қарама-қарсы мағыналы сөздерді білу, түсіну және заттарды қолдану арқылы салыстыруға, өз пікірін дәлелдеуге үйрету.<br>Қатысымдық тұрғыдағы диалогке қатысуды: әңгімені бастауды, әңгімеге кірісуді, қайталап беруді өтінуді үйрету. | 1 | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 3. *Оқылым*<br>Берілген сөйлемдерді түсініп оқуға дағдыландыру. Ондағы омоним сөздерінің қандай мағынада қолданылып тұрғанын анықтауға үйрету.<br>4. *Жазылым*<br>Жазба жұмыстары арқылы ұқыпты және сауатты жазу дағдыларын жетілдіру.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Тақырып бойынша меңгерген жаңа сөздерді олардың синоним, антоним, омонимдерімен қатар қолдану, ойын жеткізе білу. Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. | | | |
| 5 | Күрделі сөздер | 1. *Тыңдалым*<br>Күрделі сөздердің анықтамасын, мағынасын түсінуге, мысалдар келтіруге, аудармасын білуге көмектесу. Естіген сөздерінің мағынасын түсінуге қызығушылық тудыру.<br>2. *Айтылым*<br>Түрлі әдістер арқылы шығармашылық қабілеттерін арттыруға, сөздік қорын молайтуға жағдай тудыру.<br>Біріккен сөздер туралы түсінуге көмектесу. Біріккен сөздер мен сөз тіркестерін анықтауға үйрету.<br>3. *Оқылым*<br>Мәтін ішінен біріккен сөздер мен сөз тіркестерін табуға үйрету. Біріккен сөздердің құрылымын анықтай білуге үйрету.<br>4. *Жазылым*<br>Жазу жұмыстары арқылы білім, білік дағдыларын қалыптастыру.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Сөз тіркесі мен біріккен сөздер туралы білім қалыптастыру. Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. | 1 | | |
| 6 | Мақал-мәтелдер | 1. *Тыңдалым*<br>Өз сөзіне мақал-мәтелдер қоса білуге дағдыландыру. Әртүрлі жағдайларда өздерін дұрыс ұстап, сыпайы қатынас жасау дағдысын меңгерту. Тақырыптық диалогтер құрғызу. | 1 | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 2. *Айтылым*<br>Тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мақал-мәтелдерде көтерілген мәселеге өз көзқарасын білдірту.<br>Оқушылардың оқу білігін, шынайы өмірлік жағдаяттарда алған тілдік білімдерін шығармашылықпен пайдалануға дайын болу білігін қалыптастыру.<br>3. *Оқылым*<br>Мақал-мәтелдердің мағынасын түсініп оқыту. Мәтін ішінен мақал-мәтелдерді тауып оқыту.<br>4. *Жазылым*<br>Тақырып бойынша жазба жұмыстарын ұқыпты және түсініп орындату.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Мақал-мәтелдерді сөйлеу тілінде орынды қолдана білуге үйрету. Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. | | | |
| 7 | Өнер-білім бар жұрт-тар... | 1. *Тыңдалым*<br>Тақырып бойынша күрделі материалды зейін қойып тыңдауға үйрету. Түсініксіз сөздердің мағынасын анықтату. Мәтіннің әр бөлігі бойынша сұрақ қойдыру.<br>2. *Айтылым*<br>Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беруге үйрету. Берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысуға машықтандыру.<br>3. *Оқылым*<br>Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтауға көмектесу. Оқыған өлең жолдарын суретпен сәйкестендіру.<br>4. *Жазылым*<br>Жазба жұмыстарында сипаттау, бейнелеу құралдарын қолданып жазуды қалыптастыру.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Дауысты және дауыссыз дыбыстар туралы білімді нақтылау. Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. | 1 | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 8 | Техника ғасыры | 1. *Тыңдалым*<br>Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну және нақты ақпаратты анықтау деңгейін бақылау.<br>2. *Айтылым*<br>Тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз көзқарасын білдіруге үйрету. Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру.<br>3. *Оқылым*<br>Түсініп оқуға үйрету. Қысқарған сөздерді дұрыс оқи білуге көмектесу.<br>4. *Жазылым*<br>Жақындарына, достарына смайликтерді қатыстырып СМС жазуға үйрету. Тақырып бойынша сөйлем құрап жазуға дағдыландыру.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Тақырып бойынша меңгерген жаңа сөздерді олардың синоним, антоним, омонимдерімен қатар қолдану, ойын жеткізе білуді қалыптастыру. Сөздік қорын толықтыру. Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. | 1 | | |
| 9 | Нәтиже сабақ | Тақырып бойынша берілген тест тапсырмаларын орындау арқылы өткен сабақтарды еске түсіру. Оқушылардың сөздер мен сөз тіркестері, синоним, антоним, омоним сөздер, күрделі сөздер, мақал-мәтелдер туралы білімін тексеру, бекіту. Мұғалім оқушылардың тақырыпты түсіну деңгейін бақылай отырып, қосымша тапсырмалар ұсына алады. | 1 | | |
| **«Қазақстандағы көрікті жерлер» ауыспалы тақырыптың мәнмәтінінде** | | | | | |
| 10 | Дыбыстар әлемі | 1. *Тыңдалым*<br>Тақырыпты тірек сөздер арқылы болжауға үйрету.<br>2. *Айтылым*<br>Тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беруге, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіруге дағдыландыру. Қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айтуды бекіту. | 1 | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 3. *Оқылым*<br>Құрамында қазақ тілінің жуан және жіңішке, қатаң, ұяң және үнді дауыссыз дыбыстары бар сөздерді дұрыс оқуға машықтандыру.<br>4. *Жазылым*<br>Қазақ тіліндегі дауысты және дауыссыз дыбыстар кездесетін сөздерді дұрыс жазу, орынды қолдануға машықтандыру.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Қазақ тіліндегі дауысты және дауыссыз дыбыстар туралы білімді дамыту. Жуан және жіңішке дауысты, қатаң, ұяң және үнді дауыссыз дыбыстар туралы білімді қалыптастыру. | | | |
| 11 | Дыбыста-луы ұқсас дыбыс-тарды ажырату а-ә; о-ө; ү-ұ; ы-і | 1. *Тыңдалым*<br>Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінуге, негізгі және қосымша ақпаратты анық-тауға үйрету. Тыңдаған кезде дыбысталуы ұқсас дыбыстары бар сөздердің айтылуына назар аударту.<br>2. *Айтылым*<br>Ауызша мәтіндер құрауда қазақ тіліндегі төл дыбыстардың дыбысталуын, үндестік заңын ескеріп айтуға машықтандыру.<br>Өзіне таныс өмірлік жағдаяттарда тілдесуді меңгеруі тиіс.<br>3. *Оқылым*<br>Оқылым стратегияларын қолдану: жалпы мазмұнын түсіну үшін оқу, нақты ақпаратты табу үшін оқу. Дыбысталуы ұқсас дыбыстары бар сөздерді оқы-ғанда дыбыстардың өзгеретініне назар аударту.<br>4. *Жазылым*<br>Дыбысталуы ұқсас дыбыстары бар сөздерді дұрыс жазуға машықтандыру.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Ды-бысталуы ұқсас дыбыстарды ажырату, талдау дағдысын қалыптастыру. | 1 | | |
| 12 | Буын және тасымал | 1. *Тыңдалым*<br>Тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы тыңдаған мәтінінің негізгі ойын анықтауға үйрету. | 1 | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 2. *Айтылым*<br>Лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтарын мәтін-дер арқылы тануға дағдыландыру.<br>3. *Оқылым*<br>Коммуникативтік жағдаятқа сай эмоционалды сөздерді, дауыс ырғақтары ар-қылы еркін қолданып, диалогке даярлықсыз қатысу, өз пікірін білдіруге үйрету.<br>Өздігінен сөздіктен сөздердің аудармаларын табуды үйрету.<br>Қазақша-орысша және орысша-қазақша сөздікпен жұмыс істеуге дағдылан-дыру.<br>4. *Жазылым*<br>Сөздерді буынға дұрыс бөлу, тасымалдай білу дағдыларын қалыптастыру.<br>Тасымалдауға болмайтын сөздерді ажыратуға үйрету.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Буын, тасымал туралы бұрын алған білімдерін еске түсіру, қайталау; дауысты дыбыс-тың буын құрайтыны, буынға бөлінген сөздердің барлығы бірдей тасымалдана бермейтіні туралы түсініктерін тереңдету. | | | |
| 13 | Үндестік заңы | 1. *Тыңдалым*<br>Тыңдалатын мәтіннің негізгі ойын анықтауға үйрету.<br>2. *Айтылым*<br>Ауызша мәтіндер құрауда қазақ тіліндегі төл дыбыстардың дыбысталуын, үндестік заңын ескеріп айтуға үйрету.<br>3. *Оқылым*<br>Жаңылтпашты дұрыс және жылдам оқуға үйрету. Сөздерді буын үндестігіне сәйкес оқи білуді қалыптастыру.<br>4. *Жазылым*<br>Жазба жұмыстарында жалғаулардың ерекшелігін ескеріп, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдануға дағдыландыру.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Буын және дыбыс үндестігі заңы туралы білімді жетілдіру. | 1 | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 14 | Түбір мен қосымша | 1. *Тыңдалым*<br>Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінуге және нақты ақпаратты анықтау іскерлігін дамытуға көмектесу. Мәтін тақырыбын тірек сөздер арқылы болжауға үйрету.<br>2. *Айтылым*<br>Жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді және күрделі сөздерді ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдануға дағдыландыру.<br>3. *Оқылым*<br>Тақырып бойынша мәтінді, өлеңді мәнерлеп оқу дағдысын жетілдіру. Күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсінуге жағдай тудыру.<br>4. *Жазылым*<br>Қосымша түрлерін дұрыс жалғау арқылы туынды сөз жасап жазуды жетілдіру. Жұрнақ, жалғау түрлерін жазба жұмыстарда орынды қолдануды қалыптастыру.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Сөз құрамы, түбір сөз және қосымша, қосымша түрлері туралы білімін қалыптастыру. | 1 | | |
| 15 | Туған жер табиғаты | 1. *Тыңдалым*<br>Тыңдаған мәтіннен алған әсерімен бөлісуге үйрету. Тыңдаған кезде түсінбеген сөздердің мағынасын анықтауға көмектесу.<br>2. *Айтылым*<br>Тақырып бойынша меңгерген жаңа сөздерді олардың синонимдерін (антоним, омонимдерін) қатар қолдану, ойын жеткізе білуге дағдыландыру.<br>3. *Оқылым*<br>Мәтінді түсініп, өлеңді мәнерлеп оқу дағдыларын жетілдіру.<br>4. *Жазылым*<br>Өз өлкеңнің табиғатын еске ала отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазуға көмектесу. Қатесіз көшіріп жазуға машықтандыру.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық, орфоэпиялық нормаларды сақтауға дағдыландыру. | 1 | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 16 | Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас | 1. *Тыңдалым*<br>Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінуге және нақты ақпаратты анықтауға көмектесу. Қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білуге үйрету.<br>2. *Айтылым*<br>Тірек сөздерді дұрыс қолданып, иллюстрацияларды сипаттауға үйрету. Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.<br>3. *Оқылым*<br>Шағын көлемді көркем әдеби шығармаларды түсініп оқуға, тақырыбын анықтауға үйрету.<br>4. *Жазылым*<br>Мәтін құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазуға дағдыландыру.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Сөздік қорды молайту. Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Сөз құрамын, түбір сөз бен қосымша туралы білімді жетілдіру. | 1 | | |
| 17 | Таңғажайып Қазақстан | 1. *Тыңдалым*<br>Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінуге, негізгі және қосымша ақпаратты анықтауға үйрету.<br>2. *Айтылым*<br>Сюжетті суреттердің иллюстрациялар желісі бойынша өзінің туған жері туралы әңгімелеуге жағдай тудыру. Сұрақтар бойынша оқылған мәтінді өз сөзімен әңгімелеп беруге дағдыландыру.<br>3. *Оқылым*<br>Тақырып бойынша берілген мәтіндерді түсініп оқуға машықтандыру.<br>4. *Жазылым*<br>Жалқы есімдердің бас әріптен басталып жазатынын білу. Сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерін анықтауға үйрету. Тапсырма бойынша керекті сөздерді буынға бөліп жазуға машықтандыру. | 1 | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 5. *Тілдік бағдар беру*<br>Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді және күрделі сөздерді ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдануды қалыптастыру. | | | |
| 18 | Нәтиже сабақ | Тақырып бойынша берілген тест тапсырмаларын орындау арқылы өткен сабақтарды еске түсіру. Оқушылардың дыбыстар, буын және тасымал, үндестік заңы, сөз құрамы туралы білімін тексеру, бекіту. Мұғалім оқушылардың тақырыпты түсіну деңгейін бақылай отырып, қосымша тапсырмалар ұсына алады. | 1 | | |
| **II тоқсан** | | | | | |
| **«Тарихи тұлғалар» ауыспалы тақырыптың мәнмәтінінде** | | | | | |
| 19-20 | Сөз таптары. Зат есім | 1. *Тыңдалым*<br>Оқылған мәтіндерді мұқият тыңдауға, түсінуге жағдай тудыру. Тыңдаған мәтін бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету. Сөз таптары туралы ережелерді мұқият тыңдауға және олар туралы білгендерін еске түсіруге көмектесу.<br>2. *Айтылым*<br>Оқыған мәтіндерінен жалқы есім мен жалпы есімді, деректі, дерексіз зат есімдерді анықтауға көмектесу. Тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз көзқарасын білдіруге дағдыландыру.<br>3. *Оқылым*<br>Іштей оқу дағдысын жетілдіру. Сөз таптары бойынша меңгерген білімдеріне сүйене отырып зат есім туралы түсініктерін дамыту, сауатты оқу дағдыларын жетілдіру, оқушылардың белсенді ойлау қызметтерін жандандыру.<br>4. *Жазылым*<br>Сауатты жазу арқылы ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу. Заттың атын білдіретін сөздерді ажыратуға, жазуға үйрету.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Сөз таптары, оның ішінде, зат есім, зат есімнің түрлері туралы білімін анықтау және тереңдету. Зат есімнің тұлғасына, құрамына, жалпылай немесе жекелей атауына, мағынасына қарай бөлінуі туралы түсінік қалыптастыру. Көптік, тәуелдік, септік жалғауларының ерекшеліктерін түсіндіру. | 1-2 | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 21-22 | Етістік | 1. *Тыңдалым*<br>Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінуге және нақты ақпаратты анықтауға көмектесу. Қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білуге үйрету. Етістік және етістіктің шақтары туралы ережелерді мұқият тыңдауға және олар туралы білгендерін еске түсіруге көмектесу.<br>2. *Айтылым*<br>Берілген тақырып бойынша мысалдар келтіріп айтуға үйрету. Етістіктің осы, келер және өткен шақтарына күнделікті өмірден мысалдар келтіруге жағдай тудыру.<br>3. *Оқылым*<br>Берілген мәтінді түсініп оқуға дағдыландыру. Ребусты оқуға үйрету. Оқыған мәтіннен сұрақ қоя отырып етістікті табуға үйрету.<br>4. *Жазылым*<br>Жазбаша тапсырмаларды дұрыс және ұқыпты орындауға дағдыландыру.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Сөздік қорды молайту. Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Етістік, етістіктің шақтары туралы білімді жетілдіру. | 1-2 | | |
| 23-24 | Сын есім. Сын есімнің шырайлары | 1. *Тыңдалым*<br>Тыңдаған мәтіннің тақырыбы мен ондағы негізгі ойды анықтауға үйрету.<br>2. *Айтылым*<br>Оқыған мәтіннен заттың түрін, түсін, сапасын білдіретін сын есімдерді ажырата білуге, ауызша жұмыстарда қолдануға үйрету.<br>3. *Оқылым*<br>Мәтіндерді қазақ тілінің орфоэпиялық нормаларын және негізгі ерекшеліктерін сақтай отырып оқуға үйрету.<br>4. *Жазылым*<br>Құрамында сын есімі бар сөйлемдерді жазуға және сын есімнің басқа сөзбен байланысуын сызба арқылы көрсетуге үйрету. Сын есімдерді өтілген ережелерді сақтап жазуға үйрету. | 1-2 | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 5. *Тілдік бағдар беру*<br>Сөздік қорды молайту. Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Сын есім, сын есімнің мағынасына, тұлғасына, құрамына қарай бөлінуі туралы түсінік қалыптастыру. | | | |
| 25-26 | Сан есім | 1. *Тыңдалым*<br>Тақырып бойынша мәтіндерді тыңдауға, негізгі ойын түсінуге, мәтіндегі абзацтың рөлін түсінуге үйрету. Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру.<br>2. *Айтылым*<br>Мәтінмен жұмыс істеу барысында әңгіменің логикалық кезектілігін сақтауға, себеп-салдарын ашып әңгімелеуге үйрету. Мәтіндегі күрделі сан есімдерді оқу барысында еркін атай білуге дағдыландыру. Сан есім (бірлік, ондық, жүздік, мыңдық) атауларын білу, орынды қолдануға дағдыландыру.<br>3. *Оқылым*<br>Сан есім туралы түсінікті ажырату. Мәтіннен сан есімді және есептік, реттік сан есімдерді табуға үйрету. Сан есімнің құрамына қарай дара және күрделі болуын түсіндіру.<br>4. *Жазылым*<br>Сөйлемнен сөз таптарын ажыратуға, жіберілген тыныс белгілеріне тән қателерді тауып түзетуге үйрету. Күрделі сан есімдерді сөзбен дұрыс жазуға дағдыландыру.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Сөздік қорды молайту. Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Сан есім, сан есімнің мағынасына, құрамына қарай бөлінуі туралы түсінік қалыптастыру. | 1-2 | | |
| 27 | Қазақтың ұлы ақыны | 1. *Тыңдалым*<br>Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтауға үйрету.<br>2. *Айтылым*<br>Шағын көлемді мәтіндерді түсініп оқу, мазмұнына жоспар құру, соған сүйеніп баяндау. | 1 | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 3. *Оқылым*<br>Қазақ жазушылары туралы негізгі ақпараттарды білуге, ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан қосымша деректер (мұғалім, ата-аналар көмегімен) алуға көмектесу.<br>4. *Жазылым*<br>Жазба жұмыстарында жалғаулардың ерекшелігін ескеріп, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазуға, сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдануға машықтандыру.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Сөздік қорды молайту. Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Оқушылардың сөз таптары туралы білімін нақтылау және қалыптастыру. | | | |
| 28 | Үш бәйтерек | 1. *Тыңдалым*<br>Тірек сөздер, жетекші сұрақтар арқылы мәтіннің негізгі тақырыбын анықтауға үйрету. Тыңдаған мәтінінің әр бөлігі бойынша сұрақ қоюға үйрету.<br>2. *Айтылым*<br>Шағын көлемді мәтіндердің мазмұнына жоспар құру, соған сүйеніп баяндауға үйрету. Мәтін бойынша сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру.<br>3. *Оқылым*<br>Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсінуге, анықтауға үйрету. Мәнерлеп оқуға дағдыландыру. Лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтарын мәтіндер арқылы тану.<br>4. *Жазылым*<br>Жазба жұмыстарында жалғаулардың ерекшелігін ескеріп, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдануға машықтандыру.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Сөздік қорды молайту. Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Оқушылардың сөз таптары туралы білімін нақтылау және қалыптастыру. | 1 | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 29 | Нәтиже сабақ | Тақырып бойынша берілген тест тапсырмаларын орындау арқылы өткен сабақтарды еске түсіру. Оқушылардың сөз таптары туралы білімін тексеру, бекіту. Мұғалім оқушылардың тақырыпты түсіну деңгейін бақылай отырып қосымша тапсырмалар ұсына алады. | 1 | | |
| **«Құндылықтар: сүйіспеншілік пен достық» ауыспалы тақырыптың мәнмәтінінде** | | | | | |
| 30 | Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілік | 1. *Тыңдалым*<br>Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау. Әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени тақырыптарға байланысты өлеңдер мен мәтіндерде көтерілген мәселені түсіндіру.<br>2. *Айтылым*<br>Өлеңдерді мәнерлеп оқуға, мазмұнын жүйелі айта білуге, өлеңнің негізгі ойын тауып, үйрету.<br>Балалардың алған білімдерін кеңейту, сұрақтарға жауап беру, ойды жүйелеп айту дағдысын қалыптастыру. Тақырып бойынша өз сөзімен әңгімелеп беруге ынталандыру.<br>Мәнмәтіндегі әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерді танып, күнделікті өмірмен байланыстыруды, өз пікірін білдіруді үйрету.<br>3. *Оқылым*<br>Өлеңдерді мәнерлеп оқуға, өлеңнің негізгі ойын табуға үйрету. Отанға, туған жерге деген патриоттық сезімін дамыту. Туған жерге деген қызығушылығын, сүйіспеншілігін арттыру, ұжым болып жұмыс істеуге, достыққа тәрбиелеу.<br>4. *Жазылым*<br>Сұрақтарға жауап беру арқылы Отан, туған жер туралы шағын шығарма жазуға үйрету. Жоларалық кеңістіктерді сақтай отырып, каллиграфиялық талаптарға сай жазуға машықтандыру.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Тапсырмаларды орындау барысында дыбыстар, күрделі сөздер туралы ережелерді бекіту. | 1 | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 31 | Қайырым-дылық – сүйіспен-шіліктің бір көрінісі | 1. *Тыңдалым*<br>Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінуге және нақты ақпаратты анықтауға көмектсу.<br>2. *Айтылым*<br>Сабақ барысында өз ойын еркін жеткізе білуге үйрету. Берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысуға дағдыландыру.<br>3. *Оқылым*<br>Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтауға үйрету. Қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді алуға көмектесу. Адамгершілік, қайырымдылық, достық сезімдеріне тәрбиелеу.<br>4. *Жазылым*<br>Жазба жұмыстарында сипаттау, бейнелеу құралдарын қолданып жазу. Қатесіз, ұқыпты жазуға дағдыландыру.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Сөздік қорын молайту. Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіндіру. | 1 | | |
| 32 | Жақсы дос – жан азығы | 1. *Тыңдалым*<br>Тыңдаған мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтауға үйрету.<br>Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.<br>2. *Айтылым*<br>Тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіруге үйрету.<br>3. *Оқылым*<br>Балалардың табиғатқа деген қызығушылығын арттыру.<br>Оқушыларды бір-бірін ренжітпеуге, әрдайым көмектесуге, адал дос бола білуге тәрбиелеу. Адамгершілік қасиеттерін дамыту, достықты құрметтеуге тәрбиелеу. Ұйымшылдыққа, ынтымақ пен бірлікке, жолдастық көмек көрсетуге баулу. | 1 | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 4. *Жазылым*<br>Берілген тақырып бойынша шығарма жазуға үйрету. Сызба бойынша бірнеше сөйлем жазуға көмектесу.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Сөздік қорын молайту. Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Мақал-мәтелдерді орынды пайдалануға дағдыландыру. | | | |
| 33 | Сөйлеу мәдениеті | 1. *Тыңдалым*<br>Тыңдаған мәтіндерінің негізгі ойын анықтауға үйрету. Мәдениетті сөйлеуге дағдыландыру.<br>2. *Айтылым*<br>Сөйлеу тілінде қазақша амандасу мәнері мен ұлттық этикет формаларын пайдалануға үйрету. Сыпайы сөйлеуге машықтандыру. Диалог құруға көмектесу.<br>3. *Оқылым*<br>Мәнерлеп, түсініп оқуға дағдыландыру. Мәтіннің құрылымын дұрыс бөлуге үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстар бар сөздерді анық және дұрыс оқуға дағдыландыру.<br>4. *Жазылым*<br>Жазба жұмыстарында жалғаулардың ерекшелігін ескеріп, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазуға; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдануға дағдыландыру.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Сөздік қорын молайту. Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Сөз, сөз тіркестерінің мағыналары туралы түсінікті жетілдіру. Мақал-мәтелдерді орынды пайдалануға дағдыландыру. | 1 | | |
| 34 | Нәтиже сабақ | Тақырып бойынша берілген тест тапсырмаларын орындау арқылы өткен сабақтарды еске түсіру. Оқушылардың сөз, сөз тіркестері, күрделі сөздер, мақал-мәтелдер, сөз таптары туралы білімін тексеру, бекіту. Мұғалім оқушылардың тақырыпты түсіну деңгейін бақылай отырып, қосымша тапсырмалар ұсына алады. | 1 | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **III тоқсан** | | | | | |
| **«Ғарыш әлемі» ауыспалы тақырыптың мәнмәтінінде** | | | | | |
| 35 | Жай сөйлем. Жай сөйлем түрлері | 1. *Тыңдалым*<br>Мәтінді тыңдағанда, жай сөйлемдердің әртүрлі дауыс ырғағымен айтылатынына назар аудару.<br>2. *Айтылым*<br>Жай сөйлемдердің айтылуы мен құрылымына қарай бөлінуі туралы түсінік бере отырып, сөйлемдердің айтқан адамның көңіл күйіне байланысты түрленуіне оқушылардың назарын аудару. Жай сөйлемдерді айтылуына, құрылымына қарай түрлендіруге үйрету, сөйлеу тілінде болып жатқан жағдайға сәйкес қолдануға үйрету.<br>3. *Оқылым*<br>Оқушылардың сөйлем туралы меңгерген білімдеріне сүйене отырып олардың жазу, оқу дағдыларын жетілдіру, ойлау қызметтерін жандандыру. Рөлдерге бөліп оқуды жетілдіру.<br>4. *Жазылым*<br>Сауатты жазу арқылы ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу. Жалаң сөйлемді жайылма сөйлемге, жайылма сөйлемді жалаң сөйлемге түрлендіріп жазуға үйрету. Сөйлемнің айтылу мағынасына қарай тиісті тыныс белгісін қоюға дағдыландыру. Жазба жұмыстарында хабарлы, сұраулы және лепті сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, құрастыру.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Сөздік қорын молайту. Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Жай сөйлем, жалаң және жайылма сөйлем, хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдер туралы өткенді қайталай отырып, оқушылардың білімін нақтылау және бекіту. Тақырыпқа қатысты білімді өз деңгейінде меңгерту мүмкіндіктерін жан-жақты қарастыру. Шығармашылық пен тапқырлыққа баулу. | 1-2 | | |
| 36 | Сөйлем мүшелері | 1. *Тыңдалым*<br>Тыңдаған мәтін сөйлемдерінің бастауышы мен баяндауышын бірден табуға, сұрақ қою арқылы тұрлаусыз мүшелерін табуға үйрету. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелерін білу, ажырату. | 1-2 | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелер | 2. *Айтылым*<br>Шағын көлемді мәтіндердің мазмұнына жоспар құру, соған сүйеніп баяндау іскерлігін дамыту. Берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру үшін шағын диалогке қатысуға жағдай тудыру. Тақырып бойынша меңгерген жаңа сөздерді олардың синоним, антоним, омонимдерімен қатар қолдану, ойын жеткізе білу.<br>3. *Оқылым*<br>Салыстырып оқу дағдысын дамыту. Тапсырманы сұрақтарға жауап бере отырып орындауға үйрету.<br>4. *Жазылым*<br>Сөйлемдерді талдауға үйрету. Сөйлемнің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелерінің сызықтарын дұрыс пайдалануға дағдыландыру. Берілген сызбалар арқылы жалаң және жайылма сөздерді дұрыс құруға дағдыландыру. Сөйлемдегі сөздердің байланысын сұрақ қою арқылы анықтауға баулу.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Жай сөйлем, жалаң және жайылма сөйлем, хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдер туралы өткенді қайталай отырып, оқушылардың білімін нақтылау және бекіту. Тақырыпқа қатысты білімді өз деңгейінде меңгерту мүмкіндіктерін жан-жақты қарастыру. Шығармашылық пен тапқырлыққа баулу. | | | |
| 37 | Сөйлемнің бірыңғай мүшелері | 1. *Тыңдалым*<br>Мұғалімнің түсіндіргенін, оқушылардың жауаптарын мұқият, түсініп тыңдауға дағдыландыру. Күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну. Тірек сөздер, жетекші сұрақтар арқылы негізгі тақырыпты анықтау.<br>2. *Айтылым*<br>Берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу.<br>3. *Оқылым*<br>Сөйлемнің бірыңғай мүшелері туралы ережені және тақырып бойынша берілген мәтіндерді, тапсырмаларды түсініп оқу дағдысын дамыту. | 1 | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 4. *Жазылым*<br>Сызба бойынша сөйлем құрап жазуға дағдыландыру. Сөйлемдегі бірыңғай мүшелердің жазылуы, олардың тыныс белгісі туралы білімді дамыту.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Бірыңғай мүшелерге қойылатын сұрақтардың бірдей болатыны және бірыңғай мүшелердің қызметінің де бірдей болатыны туралы білімді бекіту. | | | |
| 38 | Тіршілікке қолайлы ғаламшар | 1. *Тыңдалым*<br>Мәтінді мұқият тыңдау, жаңа ақпараттарды қабылдауға үйрету. Адамдар мен жануарлар, өсімдіктер үшін ортақ Жер ғаламшарының ерекшеліктеріне назар аудару. Табиғатқа, барлық тіршілік иелеріне деген қамқорлық сезімін тәрбиелеу.<br>2. *Айтылым*<br>Мәтіндердің мазмұнына жоспар құру, соған сүйеніп баяндау. Берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу.<br>3. *Оқылым*<br>Мәтінді мағынасына қарай жоспар бойынша бірнеше бөлімге бөлуге, сол жоспар бойынша оқуға дағдыландыру. Оқыған мәтін бойынша сұрақтар құрастыруға үйрету. Екі тілде берілген өлеңді түсініп оқуға, олардың ерекшеліктеріне мән беруге үйрету.<br>4. *Жазылым*<br>Жазу тапсырмаларын ұқыпты, түсініп орындауға дағдыландыру.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Табиғат, Отан, отбасы және басқа да тіршілік иелеріне деген құрметтеу, қайырымдылық сезімдерін бекіту. Күрделі сөздер, бірыңғай мүшелер туралы ережелерді жұмыс барысында қайталау. | 1 | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 39 | Аспан әлемінің құпиялары | 1. *Тыңдалым*<br>Қазақ халқының ғаламшарлар туралы ертегісін тыңдау. Ертегінің өзіңе ұнаған нұсқасы туралы өз пікірін білдіруге үйрету.<br>2. *Айтылым*<br>Ғаламшарлардың қазақша атауларын дұрыс, анық атауға үйрету. Өзіне ұнаған ғаламшар туралы айтып беруге жағдай тудыру.<br>3. *Оқылым*<br>Қазақ халқының ырымдары туралы оқылған мәтін бойынша бақылау жүргіз.<br>4. *Жазылым*<br>Ғаламшарлардың атауларының бас әріптен басталып жазылуына түсініктеме сұрау. Басқа дереккөздерден қосымша ақпараттарды жазып келуге көмектесу.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Оқушылардың сөздік қорын молайту. Сөз таптары, жалқы және жалпы есімдердің жазылу ережелері туралы білімді бекіту. | 1 | | |
| 40-41 | Ғарышқа сапар | 1. *Тыңдалым*<br>Тыңдаған шығарманың негізгі идеясын түсіну. Мәтін бойынша сұрақ қоюға және қойылған сұрақтарға жауап беруге үйрету. Ғарышкерлер туралы мәліметтерді түсініп тыңдау.<br>2. *Айтылым*<br>Ғарышқа ұшқан алғашқы ғарышкерлер, қазақстандық ғарышкерлер туралы мақтаныш сезімін тәрбиелеу. Олар туралы, өз арманы туралы айтып беруге жағдай тудыру.<br>3. *Оқылым*<br>Ғарыш, ғарышкерлер туралы мәтіндерді түсініп оқу. Ғарышкерлердің өмірі мен олардың еңбегі туралы қызыға оқуға ынталандыру. Берілген мәтіндерді өзара салыстыра оқуға үйрету. Жаңылтпаштарды дұрыс және жылдам айтуға машықтандыру.<br>4. *Жазылым*<br>Жазуға берілген тапсырмаларды түсініп, таза және ұқыпты орындауға дағдыландыру. Тыныс белгілерінің қойылуына назар аудару. | 1-2 | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 5. *Тілдік бағдар беру*<br>Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Сөздік қорын жаңа сөздермен байыту. Сөйлем туралы білімді еске түсіру, қайталау, бекіту. | | | |
| 42 | Нәтиже сабақ | Тақырып бойынша берілген тест тапсырмаларын орындау арқылы өткен сабақтарды еске түсіру. Оқушылардың жай сөйлем, жай сөйлем түрлері, сөйлемнің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелері туралы білімін тексеру, бекіту. Мұғалім оқушылардың тақырыпты түсіну деңгейін бақылай отырып қосымша тапсырмалар ұсына алады. | 1 | | |
| **«Кәсіп пен еңбек» ауыспалы тақырыптың мәнмәтінінде** | | | | | |
| 43 | Еңбек – бақыттың атасы | 1. *Тыңдалым*<br>Мәтінді мұқият тыңдауға, мәтіннің негізгі ойын анықтауға, мәтіннің тәрбиелік мәнін түсінуге жағдай тудыру. Тыңдаған мәтіндер бойынша өз пікірін білдіруге үйрету.<br>2. *Айтылым*<br>Басталған әңгімені жалғастыру, қысқа мәтіндердің мазмұнын айтып беру. Отбасы, отбасы мүшелерінің еңбектері, мамандықтары туралы өз пікірін білдіруге үйрету. Оқығандарын өз сөзімен айтып беруге үйрету.<br>3. *Оқылым*<br>Оқыған мысалдың тәрбиелік мәнін түсінуге жетелеу. Оқыған мәтіндерінен еңбек пен кәсіптің адам өміріндегі маңызын түсінуге жағдай тудыру. Өлеңді оқуға және жаттауға ынталандыру.<br>4. *Жазылым*<br>Жазба тапсырмаларды ұқыпты және дұрыс орындауға дағдыландыру. Мәтіндерден жалпы және жалқы есімдерді ажырата білу, жалғау түрлерін дұрыс жалғауға үйрету.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Сөздік қорын жаңа сөздермен молайту. Сөйлем мүшелері, сөз таптары туралы білімді еске түсіру, қайталау, бекіту. | 1 | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 44 | Еңбек түбі – береке | 1. *Тыңдалым*<br>Еңбектің адам өміріндегі маңызын түсіндіру. Еңбек, мамандық түрлерін таңдауға көмектесу. Тірек сөздер, жетекші сұрақтар арқылы негізгі тақырыпты анықтау. Қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білуге үйрету.<br>2. *Айтылым*<br>Мәтінді сызба бойынша әңгімелеуге үйрету. Тақырып бойынша меңгерген жаңа сөздерді олардың синонимдері мен антоним, омонимдерімен қатар қолдану, ойын жеткізе білуге ынталандыру.<br>3. *Оқылым*<br>Мәнерлеп, дұрыс оқуға дағдыландыру. Мәтіндердің тақырыбын, мазмұндық құрылымын салыстыру.<br>4. *Жазылым*<br>Жазбаша тапсырмаларды ұқыпты және дұрыс орындауға машықтандыру.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Сөздік қорын жаңа сөздермен молайту. Мақал-мәтелдер, күрделі сөздер туралы білімді еске түсіру, қайталау, бекіту. | 1 | | |
| 45 | Мамандықты дұрыс таңдау – болашақтың бастауы | 1. *Тыңдалым*<br>Күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну. Тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсіну, тақырыбын анықтау. Оқушыларға мамандық таңдауға көмектесу.<br>2. *Айтылым*<br>Тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз көзқарасын білдіру. Берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу.<br>3. *Оқылым*<br>Мамандық түрлері және өзінің қалаған мамандығы туралы ойын ашық білдіруге, таңдаған мамандықтың артықшылығы туралы дәлелдеуге жағдай тудыру. Қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білуге көмектесу. | 1 | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 4. *Жазылым*<br>Жазба жұмыстарында жалғаулардың ерекшелігін ескеріп, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдануға дағдыландыру.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Сөздік қорын молайту. Өткен сабақтарда меңгерген білімдерін еске түсіру, қайталау, бекіту. | | | |
| 46 | Менің сүйікті істерім | 1. *Тыңдалым*<br>Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беруге ынталандыру. Тыңдаған мәтіндердің мазмұнын өз сөзімен айтып беруге дағдыландыру.<br>2. *Айтылым*<br>Ауызша мәтіндер құрауда қазақ тіліндегі төл дыбыстардың дыбысталуын, үндестік заңын ескеріп айту. Өзінің сүйікті істері туралы ойын сыныптастарымен бөлісуге жағдай тудыру. Диалогке қатысып, өз пікірін ашық айта білуге үйрету.<br>3. *Оқылым*<br>Мәтінді түсініп оқып, мәтін мазмұнын күнделікті істермен байланыстыра білуге үйрету. Оқыған мәтіндерінің мамандық таңдауға тигізер әсері туралы ойлануға жағдай тудыру.<br>4. *Жазылым*<br>Жазба жұмыстарында жалғаулардың ерекшелігін ескеріп, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдануға дағдыландыру.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Сөздік қорын молайту. Сөз құрамы, сөйлем түрлері, күрделі сөздер туралы білімдерін еске түсіру, қайталау, бекіту. | 1 | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 47 | Өзім туралы | 1. *Тыңдалым*<br>Мұғалімнің түсініктемесін, сыныптастарының жауаптарын мұқият тыңдауға дағдыландыру. Адамның өзін-өзі тәрбиелеу туралы пікірлерін тыңдап, өз ойын білдіруге үйрету.<br>2. *Айтылым*<br>Өзі туралы мәліметтерді білу және айтып беру. Оқушыларды мектептен кейінгі өмірде кездесетін жағдайлармен таныстыру, бейімделуге көмектесу.<br>3. *Оқылым*<br>Қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу. Оқушылардың әрқайсысының неге бейім екенін түсінуге көмектесу.<br>4. *Жазылым*<br>Нақыл сөздерді түсініп оқы, оларды дұрыс, қатесіз көшіріп жаз. Жазбаша берілген тапсырмаларды дұрыс және қатесіз орындауға дағдыландыру.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Сөздік қорын молайту. Өткен сабақтарда меңгерген білімдерін еске түсіру, қайталау, бекіту. | 1 | | |
| 48-49 | Ісқағаздар | 1. *Тыңдалым*<br>Әртүрлі ісқағаздарының мазмұнын түсіну, стильдік ерекшеліктерін анықтау, меңгерту. Сұрақтарды мұқият тыңдап, нақты жауап беруге үйрету. Ісқағаздар мазмұнын түсіну, стильдік ерекшелігін анықтау.<br>2. *Айтылым*<br>Мектептен кейінгі өмірде қажет болатын ісқағаздар үлгісімен таныстыру. Өмірбаянын өз сөзімен айтып беруге үйрету. Ісқағаздарының маңызын түсіндіру. Жеке өмірден алынған тәжірибе негізінде әңгіме құрастырып айту.<br>3. *Оқылым*<br>Мәтіндердің тақырыбын, мазмұндық құрылымын салыстыру. Мамандықтар, еңбек туралы ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді оқу және өз пікірін айтуға ынталандыру. | 1-2 | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 4. *Жазылым*<br>Іқағаздар бойынша жазба жұмыстарын ресми стильдің ерекшеліктері мен талаптарын дұрыс қолдана отырып орындауға үйрету.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Сөздік қорын молайту. Оқушыларды дербес өмірге дайындау үшін іқағаздар туралы түсінік беру. Өткен сабақтардағы тақырып бойынша қажетті ережелерді еске түсіру, қайталау, бекіту. | | | |
| 50 | Мәтін | 1. *Тыңдалым*<br>Тыңдаған мәтіннің тақырыбын, ондағы негізгі ойды анықтайды. Мәтін бөліктерін анықтау, азат жолды сезіну.<br>2. *Айтылым*<br>Берілген иллюстрацияны толық сипаттауға көмектесу.<br>3. *Оқылым*<br>Мәтіндерді салыстырып оқу. Диалог түрінде оқуға үйрету. Мәтіннің мазмұнына сүйене отырып, пікір білдіруге арналған сұрақтар құрастыруға үйрету.<br>4. *Жазылым*<br>Сызбада берілген мәліметтер негізінде нұсқаулық құрап, кесте түрінде жазу. Сызбада берілген мәліметтер негізінде бірлесе отырып ашықхат мәтінін дайындау. Мәтіннің тақырыбы мен ондағы негізгі ойды, сызбада берілген мәліметтер негізінде нұсқаулықты компьютерде график түрінде құрап жазуға көмектесу.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Сөздік қорын молайту. Өткен сабақтардағы тақырып бойынша қажетті ережелерді еске түсіру, қайталау, бекіту. | 1 | | |
| 51 | Мазмұндама, шығарма | 1. *Тыңдалым*<br>Мазмұндама, шығарма, диктант жазу ережелерін мұқият тыңдауға, түсінбеген жерлерін сұрауға үйрету. Мәтіннің жоспары бойынша мәтін мазмұнын анықтау. | 1 | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 2. *Айтылым*<br>Мәтіннің жоспарын құру, жоспар бойынша өз сөзімен әңгімелеп беруге үйрету. Мазмұндама мен шығарманың айырмашылығын ажыратуға көмектесу, өз пікірін айту. Сурет бойынша өз сөзімен әңгімелеп беруге үйрету.<br>3. *Оқылым*<br>Шығарма, мазмұндама жазуға берілген мәтіндерді түсініп, мұқият оқуға дағдыландыру. Еңбек, мамандық туралы түсініктерді дамыту.<br>4. *Жазылым*<br>Жоспар бойынша мазмұндама, шығарма және диктант жазуға үйрету.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Сөздік қорын молайту. Сөз құрамы, сөйлем түрлері, күрделі сөздер туралы білімдерін еске түсіру, қайталау, бекіту. | | | |
| 52 | Нәтиже сабақ | Тақырып бойынша берілген тест тапсырмаларын орындау арқылы өткен сабақтарды еске түсіру. Оқушылардың еңбек, мамандық таңдау, ісқағаздар, мәтін, мазмұндама, шығарма жазу туралы білімін тексеру, бекіту. Мұғалім оқушылардың тақырыпты түсіну деңгейін бақылай отырып қосымша тапсырмалар ұсына алады. | 1 | | |
| **IV тоқсан** | | | | | |
| **«Ойын-сауық және спорт» ауыспалы тақырыптың мәнмәтінінде** | | | | | |
| 53 | Олимпиада тарихы | 1. *Тыңдалым*<br>Мәтіндерді түсініп тыңдауға, жаңа ақпараттарды алуға көмектесу. Олимпиада және паралимпиада туралы түсініктер беру. Спорттың адам өмірінде алатын маңызы туралы ақпарат беру.<br>Оқушыларды қазақ халқының балаларға арналған әндерімен, тақпақтарымен және ертегілерімен, фольклорімен, көркем әдебиетімен, ойындарымен таныстыру. | 1 | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 2. *Айтылым*<br>Берілген тақырыпқа байланысты күнделікті тұрмысқа, оқуға, қарым-қатынасқа қатысты жағдаяттар туралы сөйлесуге жағдай тудыру. Қосымша дереккөздерден Қазақстанның спорты туралы ақпараттар жинап, сыныпта әңгімелеп беруге ынталандыру.<br>3. *Оқылым*<br>Мәтіндерді түсініп оқып, оның тақырыбы мен негізгі ойы туралы анықтауға көмектесу. Еліміздің атақты спортшылары және қазақстандық спорт туралы мақтаныш сезімін тәрбиелеу. Спортқа деген жағымды сезім тудыру.<br>4. *Жазылым*<br>Тақырып бойынша жазба жұмыстарын ұқыпты және дұрыс орындауға дағдыландыру.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Сөздік қорын молайту. Өткен сабақтардағы тақырып бойынша қажетті ережелерді еске түсіру, қайталау, бекіту. | | | |
| 54 | Спорт түрлері | 1. *Тыңдалым*<br>Тыңдалған мәтіннің әр бөлігі бойынша сұрақ қоюға; мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету.<br>2. *Айтылым*<br>Оқыған мәтіндердің мазмұнын өз сөзімен айтып беруге үйрету. Спорттың адам денсаулығы үшін маңызы және оның «бейбітшілік елшісі» деп аталуы туралы түсінік беру. Өзіне ұнайтын спорт түрі туралы айтып беруге ынталандыру.<br>3. *Оқылым*<br>Оқыған мәтіндегі кейіпкерлердің іс-әрекеттерінің себептерін түсіндіру. Спорт түрлері туралы түсініктерін анықтау, нақтылау және дамыту.<br>4. *Жазылым*<br>Тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін (жеке сөздер, бірге, бөлек, дефис арқылы жазылатын сөздер) дұрыс жазуға дағдыландыру. | 1 | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 5. *Тілдік бағдар беру*<br>Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Сөздік қорын молайту. Өткен сабақтардағы тақырып бойынша қажетті ережелерді еске түсіру, қайталау, бекіту. | | | |
| 55 | Ұлттық ойындар | 1. *Тыңдалым*<br>Тыңдаған мәтіндегі ұлттық ойындарды атай білу, ұлттық ойындар туралы түсініктерін дамыту. Мұғалімнің, оқушылардың сөздерін мұқият тыңдауға дағдыландыру.<br>2. *Айтылым*<br>Оқыған мәтінді жоспар бойынша баяндап беруге үйрету. Өзінің білетін және ұнайтын ұлттық ойындары туралы әңгімелеп беруге жағдай тудыру. Суреттегі спорт түрлері туралы әңгімелеп беруге ынталандыру.<br>Ойын жағдаяттарында қазақ тілін қолдану арқылы оқушыларды жаңа әлеуметтік тәжірибеге қатыстыру.<br>3. *Оқылым*<br>Берілген мәтіндерді түсініп оқуға үйрету. Оқыған мәтіндегі кейіпкерлердің іс-әрекеттерінің себептерін түсіндіру.<br>4. *Жазылым*<br>Тақырып бойынша жазба жұмыстарын ұқыпты және дұрыс орындауға дағдыландыру.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Сөздік қорын молайту. Өткен сабақтардағы тақырып бойынша қажетті ережелерді еске түсіру, қайталау, бекіту. | 1 | | |
| 56 | Шынық-саң – шымыр боларсың | 1. *Тыңдалым*<br>Тыңдаған мәтін мзмұнына қатысты ойын білдіруге ынталандыру. Спорт пен денсаулықтың өзара байланысын анықтау. Денсаулықтың маңызы туралы түсінігін нақтылау, дамыту, қалыптастыру.<br>2. *Айтылым*<br>Атақты спортшылар туралы, берілген тақырып бойынша пікірлесуге қатысуға ынталандыру. Тапсырма бойынша диалог ұйымдастыруға және қатысуға жағдай тудыру. | 1 | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 3. *Оқылым*<br>Мәтіндерді түсініп оқуға, мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтауға көмектесу. Мәнерлеп оқу дағдысын дамыту.<br>4. *Жазылым*<br>Тақырып бойынша жазба жұмыстарын ұқыпты және дұрыс орындауға дағдыландыру.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Сөздік қорын молайту. Өткен сабақтардағы тақырып бойынша қажетті ережелерді еске түсіру, қайталау, бекіту. | | | |
| 57 | Нәтиже сабақ | Тақырып бойынша берілген тест тапсырмаларын орындау арқылы өткен сабақтарды еске түсіру. Оқушылардың олимпиада, паралимпиада, спорт түрлері, ұлттық ойындар, спорттың денсаулыққа тигізер әсері туралы түсініктерін тексеру, нақтылау, қалыптастыру. Мұғалім оқушылардың тақырыпты түсіну деңгейін бақылай отырып қосымша тапсырмалар ұсына алады. | 1 | | |
| **«Мәдени құндылықтар» ауыспалы тақырыптың мәнмәтінінде** | | | | | |
| 58 | Ұлттық құндылықтар – қазақ мәдениетінің қайнар көзі | 1. *Тыңдалым*<br>Тыңдаған мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру. Қазақ халқының ұлттық құндылықтары туралы түсінік беру.<br>2. *Айтылым*<br>Берілген тапсырма бойынша шағын мәтін құрап, өз сөзімен айтып беруге жағдай тудыру.<br>3. Оқылым<br>Оқыған мәтіндердің мағынасын түсініп, өз пікірін білдіру. Адамгершілік, қайырымдылық қасиеттер туралы түсініктерін нақтылау, дамыту. Оқылған мақал-мәтелдердің аз сөзбен көп ұғым беретініне назар аудару, мақал-мәтелдерден ұққанын өз сөзімен айтып беруге ынталандыру.<br>4. *Жазылым*<br>Тақырып бойынша жазба жұмыстарын ұқыпты және дұрыс орындауға дағдыландыру. | 1 | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 5. *Тілдік бағдар беру*<br>Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Сөздік қорын молайту. Мақал-мәтелдер, сөйлем түрлері, бірыңғай мүшелер туралы білімдерін еске түсіру, қайталау, бекіту. | | | |
| 59 | Ұлт боламын десең, ұрпағыңды ойла | 1. Тыңдалым<br>Мәтінді түсініп тыңдау, қазақ халқының бала тәрбиесіне деген ұстанымын түсіну. Тыңдаған мәтіндегі жаңа сөздердің мағынасын анықтау.<br>2. *Айтылым*<br>Өзі, отбасы, жолдастары туралы ойын жеткізіп айта білу. Әртүрлі жағдайларда өздерін дұрыс ұстап, сыпайы қатынас жасауға тәрбиелеу. Тәжірибелік әрекеттер негізінде әңгіме құрастырып айтуға ынталандыру.<br>3. *Оқылым*<br>Оқыған мәтіндердің негізгі ойын анықтау, ұлт болашағының бала тәрбиесіне тәуелділігін түсіну. Сұрақтарға жауап беру, өз пікірін білдіру.<br>Оқушыны сөйлесімдік қарым-қатынастың жаңа тәсілдеріне (қазақ тіліндегі), қазақ халқының мәдениетіне, ұлттық-мәдени сөйлесім ерекшелігіне баулу.<br>4. *Жазылым*<br>Тақырып бойынша жазба жұмыстарын ұқыпты және дұрыс орындауға дағдыландыру.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Сөздік қорын молайту. Сөз құрамы, сөйлем түрлері, күрделі сөздер, мақал-мәтелдер туралы білімдерін еске түсіру, қайталау, бекіту. | 1 | | |
| 60 | Бақыт – ынтымақта | 1. *Тыңдалым*<br>Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру. Қазақ халқының салт-дәстүрі туралы түсініктерін нақтылау, қалыптастыру. Басқа дереккөздерден ақпарат іздеуге көмектесу.<br>2. *Айтылым*<br>Берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу. Оқушыларды кішіпейілдікке, ынтымақтыстыққа, достыққа, қонақжайлылыққа тәрбиелеу. | 1 | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 3. *Оқылым*<br>Түсініп оқуға, оқыған мәтіні бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету. Мәтін кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін бағалауға, оларға мінездеме беруге үйрету.<br>4. *Жазылым*<br>Жоспар бойынша мазмұнадама жазуға үйретуді жалғастыру. Тақырып бойынша жазба жұмыстарын ұқыпты және дұрыс орындауға дағдыландыру.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Сөздік қорын молайту. Өткен сабақтардағы тақырып бойынша қажетті ережелерді еске түсіру, қайталау, бекіту. | | | |
| 61 | Күй – халқымыздың рухани құндылығы | 1. *Тыңдалым*<br>Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру. Қазақ халқының күйшілік өнері, күйшілері туралы түсінікті дамыту.<br>2. *Айтылым*<br>Ауызша мәтіндер құрауда қазақ тіліндегі төл дыбыстардың дыбысталуын, үндестік заңын ескеріп айту. Тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз көзқарасын білдіру. Қазақ халқының музыкалық аспаптары, күйлері және күйшілері туралы білетіндерін өз сөзімен айтуға үйрету.<br>3. *Оқылым*<br>Мәтіндерді түсініп оқып, сұрақтарына жауап беру. Оқылған мәтіндердің мазмұны бойынша қосымша ақпараттарды табуға көмектесу.<br>4. *Жазылым*<br>Тақырып бойынша жазба жұмыстарын ұқыпты және дұрыс орындауға дағдыландыру.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Сөздік қорын молайту. Сөз құрамы, сөйлем түрлері, күрделі сөздер туралы білімдерін еске түсіру, қайталау, бекіту. | 1 | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 62 | Өнер – әлемді біріктіруші күш | 1. *Тыңдалым*<br>Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну және нақты ақпаратты анықтау. Қазақ халқының атақты әншілері туралы мәлімет беру. «Өнер – әлемді біріктіруші күш» дегеннің мағынасын түсіндіру.<br>2. *Айтылым*<br>Ауызша мәтіндер құрауда қазақ дыбыстарын, үндестік заңын ескеріп айту. Қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу.<br>3. *Оқылым*<br>Оқыған мәтіннің жалпы мазмұнын түсінуге, ерекшеленген сөздерінің нақты мағынасын анықтауға көмектесу. Қазақ халқының салт-дәстүрі туралы түсініктерін нақтылау.<br>4. *Жазылым*<br>Тақырып бойынша жазба жұмыстарын ұқыпты және дұрыс орындауға дағдыландыру.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Сөздік қорын молайту. Сөз құрамы, сөйлем түрлері, күрделі сөздер туралы білімдерін еске түсіру, қайталау, бекіту | 1 | | |
| 63 | Қолөнер – зор өнер | 1. *Тыңдалым*<br>Тыңдаған мәтіндердің мағынасын түсінуге ынталандыру. Қолөнер туралы түсініктерін тереңдету. Қолөнердің адам өміріндегі маңызын түсіндіру.<br>2. *Айтылым*<br>Тақырып негізінде қолөнер туралы пікірімен бөлісу. Қандай да бір өнерді үйренудің маңызы туралы ұғымды қалыптастыру. Өнер түрін таңдауға ынталандыру.<br>3. *Оқылым*<br>Мәтіндерді түсініп оқып, мәтін бойынша қойылған сұрақтарға еркін жауап беруге үйрету. Кәсіп иелерінің ерекшеліктері туралы түсінік беру. Қандай да бір өнер түрін үйренудің мектептен кейінгі өмірінің сапалы болуына көмектесетіні туралы ұғындыру. | 1 | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 4. *Жазылым*<br>Тақырып бойынша жазба жұмыстарын ұқыпты және дұрыс орындауға дағдыландыру.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Сөздік қорын молайту. Сөз құрамы, сөйлем түрлері, күрделі сөздер туралы білімдерін еске түсіру, қайталау, бекіту. | | | |
| 64 | Ұлттық киім – асыл мұра | 1. *Тыңдалым*<br>Мәтінді тыңдау, жаңа сөздерге назар аудару, қазақ халқының ұлттық киімдері туралы түсінікті тереңдету<br>2. *Айтылым*<br>Коммуникативтік жағдаятқа сай эмоционалды сөздерді, дауыс ырғақтары арқылы қазақ тіліндегі сөздерді еркін қолданып, диалогке даярлықсыз қатысу, өз пікірін білдіру.<br>3. *Оқылым*<br>Мәтінді түсініп оқу, оның мазмұны бойынша мәтінге ат қою. Қазақ халқының киімге, әсіресе баскиімге қатысты ырымдары туралы хабарлауды жалғастыру. Тақырып бойынша берілген мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіру.<br>4. *Жазылым*<br>Тақырып бойынша жазба жұмыстарын ұқыпты және дұрыс орындауға дағдыландыру.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Сөздік қорын молайту. Сөз құрамы, сөйлем түрлері, күрделі сөздер, мақал-мәтелдер туралы білімдерін еске түсіру, қайталау, бекіту. | 1 | | |
| 65-67 | Сауатты жазу – біліктілік өлшемі | 1. *Тыңдалым*<br>Мұғалімнің түсіндіргенін, оқушылардың жауаптарын мұқият тыңдау.<br>2. *Айтылым*<br>Тақырып бойынша меңгерген жаңа сөздерді олардың синоним, антоним, омонимдерімен қатар қолдану, ойын жеткізе білу. Қазақ тілінің төл дыбыстары кездесетін сөздерді дұрыс айтуға және оларды сөйлеу тілінде еркін қолдана білуге үйрету. Сөйлемдегі тыныс белгісіне қарай дауыс ырғағын өзгерту дағдысын жетілдіру. | 1-2 | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 3. *Оқылым*<br>Сөйлемдерді мағынасына сәйкес дауыс ырғағымен оқу барысында, қойылатын тыныс белгілеріне назар аударту. Оқу барысында тыныс белгілерге сәйкес кідіріс жасап оқуға дағдыландыру.<br>4. *Жазылым*<br>Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу. Берілген мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құру. Мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктерге сүйене отырып түзету. Жазба жұмыстарында сөзге қосымша жалғауда үндестік заңын ескеріп, орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану. Жатқа жазуды үйретуді жалғастыру.<br>5. *Тілдік бағдар беру*<br>Оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдысын қалыптастыру. Сөздік қорын молайту. Сөз құрамы, сөйлем түрлері, күрделі сөздер туралы білімдерін еске түсіру, қайталау, бекіту. | 1 | | |
| 68 | Нәтиже сабақ | Тақырып бойынша берілген тест тапсырмаларын орындау арқылы өткен сабақтарды еске түсіру. Оқушылардың қазақ халқының ұлттық құндылықтары, ұрпақ тәрбиесі, өнер және өнердің маңызы туралы түсініктерін, сауатты жазу дағдысын қалыптастыру. Мұғалім оқушылардың тақырыпты түсіну деңгейін бақылай отырып, қосымша тапсырмалар ұсына алады. | | | |

Зерде бұзылыстары бар оқушыларға арналған оқыту орыс тілінде жүретін арнайы мектептің 9-сыныбындағы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушылар өздерінің даму ерекшеліктеріне, жеке мүмкіндіктеріне байланысты оқу бағдарламасында берілген материалдарды толық меңгере алмаулары мүмкін. Сол себепті пән мұғалімі оқу материалдарын және оған қажетті сағат санын сыныптағы оқушылардың қабылдау деңгейіне сәйкес таңдап алуына болады.

*2-қосымша*

## ОҚУШЫНЫҢ ОҚУДАҒЫ ЖЕТІСТІК КАРТАСЫНЫҢ ҮЛГІСІ

Оқушының аты-жөні ________________________________

Туған жылы ________________________________
Сыныбы ________________________________
Аңғарымы ________________________________

Шартты белгілер: «+» меңгерді, «–» меңгермеді, «0» жартылай меңгерді.

| Ауыспалы тақырыптар | Күтілетін нәтижелер | | | | | | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Білу | Шартты белгі | Түсіну | Шартты белгі | Қолдану | Шартты белгі | |
| **I тоқсан** | | | | | | | |
| **Ғылыми жаңалықтар және технологиялар** | Сұрақ бойынша мәтіннің керекті бөлігін табады.<br>Мәтіндегі синоним, антоним, омоним сөздерді, мақал-мәтелдерді табады, оқиды.<br>Айтылған сөздердің мағынасын түсінеді.<br>Көпмағыналы сөздер туралы түсінігі бар.<br>Диалогке қатысады. | | Мәтіннің мазмұны бойынша қойылған сұраққа жауап береді.<br>Мәтіндегі синоним, антоним, омоним сөздерді табады, оқиды, аудармасын біледі.<br>Айтылған сөздердің мағынасын түсінеді, жауап береді.<br>Біріккен, қос сөздерге мысал келтіреді.<br>Диалогке белсенді қатысады. | | Мәтіннің мазмұны бойынша қойылған сұраққа жауап береді, соған сәйкес мысал келтіреді немесе оқылған мәтінге қатысты өз ойын білдіреді.<br>Тұрақты сөз тіркестерін табады, ажыратады, түсіндіреді, орынды қолданады.<br>Өз сөзінде сәйкес мақал-мәтелдерді қолданады.<br>Біріккен, қос сөздерді топтастырады, мысал келтіреді.<br>Дұрыс қолданады.<br>Әртүрлі тақырыптар бойынша диалогтер ұйымдастырады. | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Қазақстанның көрікті жерлері** | Әріптерді таниды. Дыбыстарды айтады.<br>Дауысты дыбыстың жуан және жіңішке айтылатынын біледі.<br>Дауыссыз дыбыстарды біледі.<br>Буын үндестігі туралы түсінігі бар. Буын түрлерін көмек арқылы біледі.<br>Сөз құрамы туралы түсінігі бар. Сөздің түбірін таба біледі. Сөз құрамының бөлшектерін біледі. | | Жуан және жіңішке айтылатын сөздерді ажыратады.<br>Үлгі арқылы сөздерге дыбыстық талдау жасай алады.<br>Сөздерді буынға бөледі.<br>Сөздерге қосымшаны дұрыс жалғайды.<br>Сөз құрамын бөлшектерге ажыратады. Үлгіге қарап сөз құрамына талдайды. | | Жуан және жіңішке айтылатын сөздерді дұрыс қолданады.<br>Жуан және жіңішке жалғауларды дұрыс қолданады.<br>Сөздерді буынға, буын түрлеріне ажырата алады.<br>Дұрыс тасымал жасай алады.<br>Буын үндестігіне дұрыс қосымша жалғай алады.<br>Сөздерді сөз құрамына талдай алады. Түбір және қосымшаға ажыратады. | | |
| **Қорытынды және ұсынымдар** | | | | | | | |
| **II тоқсан** | | | | | | | |
| **Тарихи тұлғалар** | Сөз таптары туралы түсінігі бар.<br>Зат есімнің анықтамасын біледі. Зат есімге *кім? не?* сұрақтарын қоя біледі. Сөйлем ішінен зат есімді таба біледі.<br>Сын есім, оның шырайларының анықтамасын біледі. | | Сұрақ қою арқылы сөз таптарын ажыратады.<br>Жай шырайдан жұрнақ арқылы салыстырмалы, күшейтпелі шырайлар жасай алады.<br>Сан есімнің түрлерін ажыратады.<br>Ережені түсініп, етістіктің шақтарын көмек арқылы ажыратады. | | Сөз таптарын ажырата біледі.<br>Сұрақ қоя алады.<br>Негізгі және туынды зат есімді ажыратады.<br>Зат есімнен жұрнақ арқылы туынды зат есім жасай алады.<br>Жай шырай, салыстырмалы, күшейтпелі шырайларды ажырата алады. | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Сан есім, оның түрлерін біледі.<br>Етістіктің шақтарының анықтамасын біледі.<br>Етістіктің жекеше және көпше жіктелуін біледі.<br>Үстеу туралы түсінігі бар. | | Көмек арқылы үстеудің мағыналық түрлерін таниды. | | Сан есімнің мағыналық түрлерін ажырата алады, жұрнақтар арқылы жасай алады.<br>Өткен шақ, осы шақ, келер шақтарды ажырата алады.<br>Осы шақтан өткен шақ, келер шақ жасай алады.<br>Үстеудің мағыналық түрлерін ажырата алады. | | |
| **Құндылықтар: сүйіс-пен-шілік пен достық** | Өтілген және «кім туралы? не туралы? не істедің? не істеп отырсың? не істейсің? не істедіңдер?» сұрақтарына жауап береді.<br>Аудио және бейнетаспаға жазылған балаларға арналған шағын шығармаларды, ертегілерді тыңдайды, негізгі ойын түсінеді.<br>Қатынас мақсатын (хабарлау, түсіндіру, сұрау, ой бөлісу) ескере отырып, әңгімеге, диалогке қатысады. | | Қатынас жағдайын (көңілді, көтеріңкі, сабырлы) ескере отырып, әңгімеге, диалогке қатысады.<br>Жаңа сөздердің аудармаларын біледі; әртүрлі (орысша-қазақша, қазақша-орысша) сөздіктерді пайдаланады.<br>Сурет және әңгіменің басы бойынша сын есімдерді кіріктіріп отырып әңгіме құрастырады.<br>Қойылған сұрақтарға толық жауап береді. | | Сөйлеу тәртібін сақтайды: сөйлесіп тұрған адамды тыңдап алып, орынды сұрақ қояды.<br>Әртүрлі жағдайларда өздерін дұрыс ұстап, сыпайы қатынас жасай біледі.<br>Сипатталып жатқан жағдайды бағалай отырып, әңгіменің мазмұнын айтып береді, басталған әңгімені жалғастырады. | | |
| **Қорытынды және ұсынымдар** | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **III тоқсан** | | | | | | | |
| **Ғарыш әлемі** | Сөйлемді айтылу мағынасы бойынша ажыратады.<br>Сөйлем мүшелерін біледі.<br>Сөйлемнің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелерін атап береді.<br>Қаратпа сөзді сөйлем ішінен таба біледі.<br>Диалогке қатысады. | | Сөйлем түрлеріне мысал келтіреді.<br>Сөйлемнен бастауыш пен баяндауышты сұрақ қою арқылы табады.<br>Сөйлемнің бірыңғай мүшелерін атайды, сұрақ қояды.<br>Қаратпа сөзді тани алады.<br>Диалогке белсенді қатысады. | | Хабарлы сөйлемді лепті сөйлемге, сұраулы сөйлемге айналдырады.<br>Тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелерге талдау жасай алады.<br>Шартты белгілерін дұрыс қолданады.<br>Қаратпа сөздің тыныс белгісін дұрыс қоя алады.<br>Берілген тақырып бойынша диалог ұйымдастырады. | | |
| **Кәсіп және еңбек** | Сөз мағынасының әртүрлі болатынын біледі.<br>Қазақ тіліне тән дыбыстарды ажырата біледі.<br>Мақал-мәтелдердің мағынасын біледі.<br>Әртүрлі мамандықтар туралы біледі.<br>Іс қағаздары туралы біледі. | | Сөз мағынасының әртүрлі болатынын түсінеді.<br>Қазақ тіліне тән дыбыстарды топтастырады.<br>Мақал-мәтелдердің мағынасын түсінеді.<br>Мамандық таңдаудың күрделі екенін түсінеді.<br>Іс қағаздарының айырмашылықтарын түсінеді, дұрыс таңдайды. | | Сөйлеу барысында сөздерді мағынасына қарай қолданады.<br>Қазақ тіліне тән дыбыстарды ережеге сәйкес қолданады.<br>Мақал-мәтелдердің мағынасын түсінеді, сәйкес қолдана біледі.<br>Ұнаған мамандығының артықшылығы туралы айтады.<br>Мұғалімнің көмегімен қажетті іс қағаздарын толтырады. | | |
| **Қорытынды және ұсынымдар** | | | | | | | |

| IV тоқсан | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Ойын-сауық және спорт** | Мәтін, мәтіннің құрылысы туралы түсінігі бар.<br>Мәтіндегі абзацтың не екенін біледі.<br>Мәтіннің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарды түсінеді.<br>Мәтіндегі сөздерге жалғанған жалғау, жұрнақтарды біледі. | | Мәтіннің негізгі бөлімдерін біледі.<br>Мәтіндегі абзацтың рөлін түсінеді.<br>Сөз таптарына қосылған жалғау, жұрнақтардың мағынасын ажыратады.<br>Мәтіннің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді.<br>Сұрақтары арқылы сөз таптарын анықтайды, мысал келтіреді. | | Мәтіндегі абзацтың қойылу себебін түсіндіреді.<br>Мәтінді оқиға желісі бойынша жалғастырады.<br>Ауызекі сөйлеуде үлгі бойынша қалыптасқан етістіктердің шақтарын дұрыс қолданады.<br>Өтілген сөз таптарын қолданып сөйлемдерді кеңейтеді, жай сөйлем құрап айтады. | | |
| **Мәдени құнды-лықтар** | Жалқы есімдер мен жалпы есімдерді біледі.<br>Жалқы есімдерді ережені сақтай отырып жазады.<br>Шағын мәтіндерді дұрыс көшіріп жазады.<br>Хабарландыру, өмірбаян, өтініш, түйіндеме туралы біледі. | | Көп нүктенің орнына керекті әріпті қойып жаза біледі.<br>Сөздік диктант жазады.<br>Мұғалімнің көмегімен өмірбаян, өтініш жазады.<br>Өмірбаян, өтініш, түйіндеменің не үшін жазылатынын түсінеді.<br>Сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілердің маңызы туралы түсінеді. | | Шағын мәтінді жатқа жазады.<br>Шағын сөздерден құралған диктант жазады.<br>Мұғалімнің басшылығымен немесе өздігінен бірігіп құрастырған жоспар бойынша шағын көлемде мазмұндама жазады.<br>Үлгі бойынша хабарландыру, қолхат, өмірбаян, өтініш сияқты іс қағаздарын толтырады.<br>Сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолданады. | | |
| **Қорытынды және ұсынымдар.** | | | | | | | |

*3-қосымша*

**№1-сабақ**

___________________________________

*(арнайы білім беру ұйымының атауы)*

## Арнайы білім беру ұйымдарының педагогіне арналған сабақ жоспары немесе қысқа мерзімді жоспар үлгісі

__**Күрделі сөздер**__

*(сабақтың тақырыбы)*

| | | |
|---|---|---|
| **Ауыспалы тақырып** | Ғылыми жаңалықтар мен технологиялар | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | |
| **Күні** | | |
| **Сынып:** | **Қатысушылар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Бағдарлама бойынша оқу мақсаттары** | 9.1.1.1 біріккен сөздердің анықтамасын, мағынасын түсіну, мысалдар келтіру, аудармасын білу;<br>9.4.4.1 тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздер);<br>9.5.1.1 біріккен сөздердің мағынасын меңгеру;<br>9.5.1.2 күрделі зат есімдерді тану, ажырату.<br>1. Күрделі сөздер туралы білім бере отырып, олардың сыртқы құрылысын, мағынасын ұғындыру.<br>2. Оқушылардың қарым-қатынастық дағдыларын дамыту.<br>3. Қазақ тілі этикасын сақтап, сөйлеу мәдениетін меңгерту. | |
| **Сабақтың мақсаты** | Күрделі сөздердің мағынасын түсіндіру.<br>Жаттығу жұмыстары арқылы білім, білік дағдыларын қалыптастыру. Түрлі әдістер арқылы шығармашылық қабілеттерін арттыру, сөздік қорын молайту.<br>Жаңа тақырыпты меңгеруге қызығушылық тудыру. | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Бағалау критерийлері** | Мұғалімнің көмегімен күрделі сөздердің түрлерін ажыратады.<br>Қойылған сұрақтарға жауап беріп, күрделі сөздердің мағынасын түсінеді.<br>Күрделі сөздерді түріне, мағынасына, жасалу жолына қарай жіктейді. | | | |
| **Қолданылатын әдіс-тәсілдер** | Хабарлау, түсіндіру, көрсету, мысал келтіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ой қозғау, бақылау, ойын, көрнекілік, рефлексия. | | | |
| **Пәнаралық байланыс** | Алған білімдері мен дағдыларын орыс тілі, оқу, жаратылыстану және т.б. сабақтарда, тұрмыста, сыныптан тыс шараларда қолдану. | | | |
| | | **Сабақ барысы** | | |
| **Сабақтың кезеңдері** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушылардың әрекеттері** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
| **Ұйымдастыру кезеңі** | Қатысушыларды сабаққа дайындайды.<br>Қатысушыларды жаңа материалды игеруге дайындайды.<br>Үй тапсырмасын тексереді, бағалайды. | Оқушылар мұғалімді қарсы алады. Сабақты жақсы көңіл күймен бастайды. | | Оқулық. Жазу дәптері. Заттық, тақырыптық суреттер. Кестелер. Кеспелі парақшалар. АКТ (интербелсенді тақта) қолдану. Үлестірмелі материалдар. Күрделі сөздердің түрлері, жасалу жолдары көрсетілген материалдар. |
| **Жаңа сабаққа дайындық** | Бар білімді өзектендіру.<br>Өткен сабақтардағы сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасы туралы еске түсіру. | Мұғалімнің сұрақтарына толық жауап беруге тырысады. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.<br>Диалогті пайдалана отырып жаңа материалды баяндау. Жаңа тақырып үшін оқушылардың базалық біліміне сүйену (сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасы, синоним, антоним, омоним сөздер).<br>– Балалар, қазір бізде қазақ тілі сабағы. Бүгін сабағымызда «Күрделі сөздер» тақырыбын өтеміз.<br>Сабағымыздың негізгі мақсаты – күрделі сөздермен танысу. Біріккен сөздердің, қос сөздер мен қысқарған сөздердің жасалым тәсілдерімен танысу. Оларды сәйкес жағдайларда қолдана білуге үйрену. | Мұғалімнің түсініктемесін, жаңа сабақты мұқият тыңдайды. Диалогке белсене қатысады. Өз ойын, пікірін қазақ тілінде жеткізе білуге талпынады.<br>Топтық жұмысты (диалогті) бірге орындайды. Сұрақтарға жауап береді. | | |
| **Сабақтың ортасы** | 1. Күрделі сөздерді оқып, мағынасын түсіндір.<br>2. Өлеңнен күрделі сөздерді теріп жаз.<br>3. Күрделі сөздердің түрін анықта.<br>4. Біріккен сөзді тап, оқы. Сөздің мағынасын түсіндір.<br>5. Қос сөзді тап, оқы. Сөздің мағынасын түсіндір.<br>6. Қандай сөздердің қысқартылып бергенін анықта. Сөздің мағынасын түсіндір. | Мұғалімнің берген тапсырмасын мұқият тыңдайды. Мұғалімнің берген кеспепарақтарындағы сөздерді дұрыс және анық оқиды. Тапсырмаларды дұрыс орындауға талпынады. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 7. Оқулықтағы тапсырмаларды орында.<br>8. Берілген сөздердің ішінен біріккен сөзді, қос сөзді, қысқарған сөзді тауып, үш бағанға теріп жаз. | | | |
| **Оқулықпен жұмыс** | Оқулықтағы тапсырмаларды орындау. Алайда оқулықта берілген барлық тапсырмаларды орындау шарт емес, мұғалім сыныптағы оқушылардың даму деңгейіне қарай отырып, тапсырмаларды таңдап ұсына алады. | Мұғалімнің көмегімен оқулықта берілген тапсырмаларды орындайды. Сұраққа жауап береді. Кейбір оқушылар жазба жұмысын орындау кезінде жеке-дара көмек көрсетілуін талап етеді. | | |
| **Дәптермен жұмыс** | – Балалар, енді дәптерлеріңді ашып, бүгінгі күнді жазып алыңдар.<br>Оқулықта берілген жазба жұмыстарын дәптерге жаз және орында. | Жазба жұмыстарын орындайды. | | |
| **Бекіту** | 1. «Менің мекенжайым» тапсырмасы.<br>Тұратын қала (ауыл), көше атаулары, ата-анасының және т.б. есімдері біріккен сөзден құрылатын болсын. Біріккен сөзге көп мысал келтірген бала жеңімпаз болады.<br>2. – Ал, енді, қос сөздің сыңарын кім табады екен (ата-... , бала-... , дос-... , туған-... , құрт-... , ер-... , күні-... , азды-... )? | 1. Тапсырма бойынша біріккен сөздерге көп мысал келтіруге тырысады. Олар өз қаласының, тұратын көшесінің, ата-анасы мен жақындарының есімдерін еске түсіріп, олардың арасынан біріккен сөздерді табады.<br>2. Мұғалімнің бірінші сыңарына айтқан қос сөздің екінші сыңарын табады. Олардың мағынасын түсінеді. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Мұғалім қос сөздің бірінші сыңарын, оқушы екінші сыңарын айтады.<br>3. Қысқартылған сөздер жазылған үлестірмелі материалдар таратылып беріледі. Оқушы қолындағы карточкада жазылған сөзді толық айтуға тиіс. | 3. Қысқарған сөздер туралы түсінігі бар, ол қысқарған сөздердің толық атауын айтады. | | |
| **Күтілетін нәтижелер** | | | | |
| **1-топ** | **2-топ** | **3-топ** | **4-топ** | |
| Жаттығу жұмыстарын орындай отырып, жазу каллиграфиясы мен грамматикасын дұрыстайды.<br>Берілген тапсырманы ұжыммен бірге орындайды. | Тапсырмаларды орындау барысында күрделі сөздерді қатыстырып сөйлем құрау дағдысын жетілдіреді. | Күрделі сөздерді табады, түрлерін ажыратады, олардың мағынасын түсінеді. | Жеке оқыту бағдарламасына сәйкес тапсырманы орындайды. | |
| **Сабақтың соңы** | Сабақта орындалған жұмыстың мазмұнын еске түсіру. Қорытындылау. Сұрақ-жауап арқылы сабақты қорытындылау.<br>Оқушылар сұрақтарға жауап береді. | | | |
| **Үйге тапсырма** | Күрделі сөздерге сөйлем құрау, құрамында күрделі сөздер бар мақал-мәтел, жұмбақтар жазып келу. | | | |
| **Рефлексия** | | | | |
| **Сабақ барысында туындаған маңызды сұрақтар** | | | | |
| **Қорытынды баға (оқыту және оқу жағынан)** | | | | |

| | |
|---|---|
| **Сабақты қандай сәттер жақсартты?** | |
| **Мен сабақта сынып туралы және жеке оқушылар туралы не білдім?**<br>**Келесі сабақта не туралы айтамын?** | |

**Түсіндірме.** Әдістемелік құралда берілген сабақ жоспары немесе қысқа мерзімді жоспар үлгі ретінде берілген. Мұғалім сынып оқушыларының құрамын және нақты оқушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, сабақтың әрбір кезеңіне нақты материалды және оның көлемін өздігінен таңдап алуы тиіс. Сабақ жоспарында әртүрлі типологиялық топтардың оқушылары үшін (В.В. Воронкова бойынша) сараланымдық оқу тапсырмалары үлгі ретінде жоспарланып енгізіледі. Сабақтың белгілі бір кезеңдерінде, қажет болған жағдайда және мүмкін болса, әртүрлі топтағы оқушылар бір жұмыс түрін орындау үшін біріге алады. Сабақтың сабақ жоспарының соңында мұғалім жеке оқушылармен және/немесе жалпы сыныппен одан әрі жұмысты жоспарлауға түзетулер енгізу үшін сабақта байқалған оқушылар жұмысының ерекшеліктерін белгілейді. Оқулықта берілген тапсырмалардың барлық оқушыға қолжетімді болмауын есте сақтау керек. Оқушының өз мүмкіндігіне сәйкес бірінші деңгейдегі оқу материалымен жұмыс жасауға құқығы бар. Сондай-ақ бірінші, екінші деңгей тапсырмаларын орындаған баланың үшінші деңгей тапсырмаларын орындауға да құқығы бар.

**№2-сабақ**

______________________________

*(арнайы білім беру ұйымының атауы)*

## Арнайы білім беру ұйымдарының педагогіне арналған сабақ жоспары немесе қысқа мерзімді жоспар үлгісі

**Буын және тасымал**

*(сабақтың тақырыбы)*

<table>
<tr><td colspan="2">Ауыспалы тақырып</td><td colspan="2">Қазақстандағы көрікті жерлер</td></tr>
<tr><td colspan="2">Педагогтің аты-жөні</td><td colspan="2"></td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні</td><td colspan="2"></td></tr>
<tr><td colspan="2">Сынып:</td><td>Қатысушылар саны:</td><td>Қатыспағандар саны:</td></tr>
<tr><td>Бағдарлама бойынша оқу мақсаттары</td><td colspan="3">5.2 дыбыстар, буындар, тасымал;<br>9.5.2.1 қазақ тіліндегі дыбыстарды әртүрлі позицияда айту, ажырату;<br>9.5.2.2 сөз тіркестерін дыбыстық, буындық үндестік заңдарын сақтап, дұрыс айтып жазу;<br>9.4.4.2 сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану.<br>1. Буын және тасымал туралы білім бере отырып, олардың сыртқы құрылысын, мағынасын ұғындыру.<br>2. Оқушылардың қарым-қатынастық дағдыларын дамыту.<br>3. Қазақ тілі этикасын сақтап, сөйлеу мәдениетін меңгерту.</td></tr>
<tr><td>Сабақтың мақсаты</td><td colspan="3">Буын, тасымал туралы бұрын алған білімдерін еске түсіру, қайталау; дауысты дыбыстың буын құрайтыны, буынға бөлінген сөздердің барлығы бірдей тасымалдана бермейтіні туралы түсініктерін тереңдету.<br>Сөздерді буынға дұрыс бөлу, тасымалдай білу дағдыларын қалыптастыру.<br>Сауатты жазу арқылы ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.</td></tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Қолданылатын әдіс-тәсілдер** | Хабарлау, түсіндіру, көрсету, мысал келтіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ой қозғау, бақылау, ойын, көрнекілік, рефлексия. | | | |
| **Пәнаралық байланыс** | Алған білімдері мен дағдыларын орыс тілі, оқу, жаратылыстану және т.б. сабақтарда, тұрмыста, сыныптан тыс шараларда қолдану. | | | |
| **Сабақ барысы** | | | | |
| **Сабақтың кезеңдері** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушылардың әрекеттері** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
| **Ұйымдастыру кезеңі** | Қатысушыларды жаңа материалды игеруге дайындайды. Үй тапсырмасын тексереді, бағалайды. | Оқушы өзінің сыныптас көршісіне оның көңілін көтеретін жақсы бір сөз айтады. Сөзді сол баланың көзіне қарап айтады. | | Оқулық, жазу дәптері, заттық, тақырыптық суреттер, кестелер,кеспелі парақшалар, АКТ (интербелсенді тақта) қолдану, үлестірмелі материалдар, буын түрлері, тасымалданбайтын сөздер көрсетілген материалдар |
| **Жаңа сабаққа дайындық** | Бар білімді өзектендіру. | Оқушылар дыбыстарды және дыбысталуы ұқсас дыбыстар, буын, буын түрлері туралы еске түсіреді. | | |
| **Сабақтың басы** | Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.<br>Диалогті пайдалана отырып жаңа материалды баяндау. Бүгінгі сабағымызда буындарды, буын түрлерін еске түсіреміз. | Буын мен тасымал туралы бар білімдерін еске түсіреді. Буын түрлерін айтады.<br>Сөздің құрамында қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын біледі. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Сөздерді дұрыс тасымалдауға үйренеміз. Буын дегеніміз сөз құрамындағы бір немесе бірнеше дыбыстар тобынан жасалған фонетикалық бөлшек екенін білесіңдер.<br>Ал сөздің жолға сыймаған бір я бірнеше буынын келесі жолға тасымалдауын тасымал дейміз. Сөздің жолға сыймаған бөлігін екінші жолға тасымалдау буын жігінен жасалады. Мысалы: *са-бақ, мек-теп*. | Бірақ тасымалдауға болмайтын жағдайларды еске түсіреді.<br>Топтық жұмысты (диалогті) бірге орындайды. Сұрақтарға жауап береді. | | |
| **Сабақтың ортасы** | 1. Сөзді буынға бөлгізу.<br>О-қу-шы-лар-дың (5 буын),<br>5 – буынды сөз 3 жолмен тасымалданады.<br>Тасымалдау жолын көрсету:<br>1. Оқу-шылардың<br>2. Оқушы-лардың<br>3. Оқушылар-дың<br>2. Оқулықтағы тапсырмаларды орында. | Оқушылар мұқият тыңдайды.<br>Берілген сөздердің ішінен екі буынды, үш буынды, төрт буынды, бес буынды сөздерді топтастырып жазады. | | |
| **Оқулықпен жұмыс** | Оқулықтағы тапсырмаларды орындау. Алайда оқулықта берілген барлық тапсырмаларды орындау шарт емес, мұғалім сыныптағы оқушылардың даму деңгейіне қарай отырып, тапсырмаларды таңдап ұсына алады. | Мұғалімнің көмегімен оқулықта берілген тапсырмаларды орындайды. Сұраққа жауап береді. Кейбір оқушылар жазба жұмысын орындау кезінде жеке-дара көмек көрсетілуін талап етеді. Оқулықтан тыс тапсырмаларды орындайды, қосымша материалдарды табады. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Дәптермен жұмыс** | Балалар, енді барлықтарың дәптерлеріңді ашып, бүгінгі күнді жазып алыңдар.<br>Оқушылардың назарын суретке аудару. | Оқушылар оқу құралдарының аттарын атайды. Заттардың атын буынға бөліп жазады. Дауысты дыбыстардың астын сызады. Сөзде неше буын, неше дауысты дыбыс бар екенін анықтайды.<br>*Кі - тап, дәп - тер, қа - лам - сап, сыз - ғыш, ө - шір - гіш, қа - рын - даш.* | | |
| **Бекіту** | 1. Әр оқушының қолында әртүрлі буындар бар карточкалар. Мұғалім берген белгі бойынша олар қолындағы буындардан сөз құрауға тиісті.<br>2. *«Кім жылдам?»* ойынын ұйымдастырады. | Оқушылар буыннан сөз құрайды. *«Кім жылдам?»* ойынында оқушылар үш топқа бөлініп әр топ, қай сөз, қай буынға жататынын табады.<br>*Ата, ат, бала, тал, қант, өрт, ұл, қала, теп, дана, анар, екі, ант, төрт, дос, сөз, үш, ант.* | | |

| **Күтілетін нәтижелер** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **1-топ** | **2-топ** | **3-топ** | **4-топ** | | |
| Жазу жұмысын орындағанда, сөздерді дұрыс тасымалдайды. Сауатты жазуға үйренеді. | Тапсырмаларды орындау барысында, буындардың саны мен тасымалдану санының сәйкес келмейтінін түсінеді. | Берілген сөздердің мағынасын түсінеді, оларды буынға бөледі. | Жеке оқыту бағдарламасына сәйкес тапсырманы орындайды. | | |

| | |
|---|---|
| **Сабақтың соңы** | Сабақта орындалған жұмыстың мазмұнын еске түсіру. Оқушылардан ауызша мысал келтірулерін сұрайды.<br>Бір буынды сөздер:<br>Екі буынды сөздер:<br>Үш буынды сөздер:<br>Төрт буынды сөздер:<br>– Балалар, тасымалдау туралы не айтамыз? Егер сөз жолға сыймаса, оны буынға бөліп, келесі жолға тасымалдаймыз. Бірақ буынға бөлінгенмен, тасымалданбайтын сөздер де бар екенін білесіңдер.<br>Оқушылар буын санына қарай ауызша мысалдар келтіреді.<br>Тақтаға жазылған сөздердің ішінен тасымалданбайтын сөздерді көрсетеді және неге тасымалданбайтынын дәлелдейді.<br>*Бар-ды, а-та, кел-ді, ә-же, жақсы, О-тан.* |
| **Үйге тапсырма** | Ашық буын, бітеу буын, тұйық буынға мысалдар теріп жазып келу. Буын санының тасымалдау санынына сәйкес келмейтініне бірнеше мысал жазып келу. |
| **Рефлексия** | |
| **Сабақ барысында туындаған маңызды сұрақтар** | |
| **Қорытынды баға (оқыту және оқу жағынан)** | |
| **Сабақты қандай сәттер жақсартты?** | |
| **Мен сабақта сынып туралы және жеке оқушылар туралы не білдім?**<br>**Келесі сабақта не туралы айтамын?** | |

**№3-сабақ**

______________________________________________

*(арнайы білім беру ұйымының атауы)*

## Арнайы білім беру ұйымдарының педагогіне арналған сабақ жоспары немесе қысқа мерзімді жоспар үлгісі

**<u>Сөз таптары. Зат есім</u>**

*(сабақтың тақырыбы)*

| | | |
|---|---|---|
| **Ауыспалы тақырып** | Тарихи тұлғалар | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | |
| **Күні** | | |
| **Сынып:** | **Қатысушылар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Бағдарлама бойынша оқу мақсаттары** | 5.3 түбір мен қосымша; сөз таптары;<br>9.1.1.2 күрделі зат есімдердің мағынасын түсіну;<br>9.5.1.2 күрделі зат есімдерді тану, ажырату;<br>9.2.2.2 сұрақтар бойынша сөз таптарын ажырату;<br>9.4.2.2 әртүрлі сөз таптарын, өтілген ережелерді сақтап жазу.<br>1. Сөз таптары және зат есім туралы білім бере отырып, олардың бұрыннан бар білімдерін тереңдету.<br>2. Алған білімдерін өмірде қолдана білуге машықтандыру.<br>3. Қазақ тілі этикасын сақтап, сөйлеу мәдениетін меңгерту. | |
| **Сабақтың мақсаты** | Оқушыларға сөз таптары, оның ішінде, зат есім, зат есімнің түрлері туралы тереңірек білім беру.<br>Зат есімнің тұлғасына, құрамына, жалпылай немесе жекелей атауына, мағынасына қарай бөлінуі туралы түсінік қалыптастыру.<br>Сөз таптары бойынша меңгерген білімдеріне сүйене отырып, зат есім туралы түсініктерін дамыту, сауатты жазу, оқу дағдыларын жетілдіру, оқушылардың белсенді ойлау қызметтерін жандандыру.<br>Сауатты жазу арқылы ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу. | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Бағалау критерийлері** | Мұғалімнің көмегімен сөз таптарын атайды. Олардың сұрақтарын біледі.<br>Сөз таптарын сұрақтарына қарай ажырата алады. Зат есімді бірден табады.<br>Зат есімнің тұлғасына, құрамына, жалпылай немесе жекелей атауына, мағынасына қарай бөлінуін түсінеді. Жалқы есім мен жалпы есімнің жазылу ережесін біледі. | | | |
| **Қолданылатын әдіс-тәсілдер** | Хабарлау, түсіндіру, көрсету, мысал келтіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ой қозғау, бақылау, ойын, көрнекілік, рефлексия. | | | |
| **Пәнаралық байланыс** | Алған білімдері мен дағдыларын орыс тілі, оқу, жаратылыстану және т.б. сабақтарда, тұрмыста, сыныптан тыс шараларда қолдану. | | | |
| **Сабақ барысы** | | | | |
| **Сабақтың кезеңдері** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушылардың әрекеттері** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
| **Ұйымдастыру кезеңі** | Қатысушыларды жаңа материалды игеруге дайындау.<br>Үй тапсырмасын тексереді, бағалайды. | «Жүректен-жүрекке» әдісімен оқушылар бір-біріне жақсы тілек айтады. | | Оқулық. Жазу дәптері. Заттық, тақырыптық суреттер. Кестелер. Кеспелі парақшалар. АКТ (интербелсенді тақта) қолдану. Үлестірмелі материалдар. Сөз таптары, зат есім, зат есім түрлері көрсетілген материалдар. |
| **Жаңа сабаққа дайындық** | Бар білімді өзектендіру. | Сөз таптары туралы еске түсіреді. Зат есім, оның түрлері туралы мысалдар келтіреді. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлайды.<br>Диалогті пайдалана отырып жаңа материалды баяндайды.<br>Балалар, бүгін біз «Сөз таптары және зат есім» туралы өтеміз. Сөз таптары туралы еске түсірейік. Сөздердің білдіретін мағынасына, түрлену тұлғасына, қойылатын сұрағына, сөйлемде атқаратын қызметіне қарай топталуын сөз таптары деп атайды.<br>Тұлғасына қарай  негізгі зат есім (ат, ант, жапырақ) және туынды зат есім (біл-ім, достық), ал құрамына қарай  дара (от, ара) және күрделі зат есім (оқушы, баспалдақ) болып бөлінеді. Мағынасына қарай деректі (су, есік) және дерексіз (қуаныш) болып бөлінеді. | Оқушылар мұғалімнің көмегімен сөз таптарын атайды. Оқушылар заттың атын білдіріп, кім? не? кімдер? нелер? деген сұраққа жауап беретін сөздер зат есім деп аталатынын біледі. Мысалы: әке (кім?), тау (не?), оқушы (кім?), іні (кім?) Зат есім жалпы есім (кісі, адам) және жалқы есім (Дастан, Саша) болып екіге бөлінетінін біледі. Мысал келтіріп айтады. | | |
| **Сабақтың ортасы** | – Өте жақсы, балалар. Мен сендерге карточкалар таратамын, карточкалардағы деректі сөздерді бір бөлек, дерексіз сөздерді бір бөлек топтастырыңдар. Кез келген сөзді қатыстырып бір-екі сөйлем құрап айтыңдар. | Оқушылар сөздерді оқиды. Зат есім мен етістікке сұрақ қояды. Қайсысы заттың атын, қайсысы заттың қимылын білдіретінін анықтайды.<br>*Қайық жүзеді. Бала жүреді. Бақа секіреді. Доп ұшады. Құс ұшады. Ұшақ ұшады. Ағаш өседі. Балақай жүреді.* | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Оқулықпен жұмыс** | Оқулықтағы тапсырмаларды орындау. Алайда оқулықта берілген барлық тапсырмаларды орындау шарт емес, мұғалім сыныптағы оқушылардың даму деңгейіне қарай отырып, тапсырмаларды таңдап ұсына алады. | Мұғалімнің көмегімен оқулықта берілген тапсырмаларды орындайды. Сұраққа жауап береді. Оқулықтан тыс тапсырмаларды орындайды, қосымша материалдарды табады. | | |
| **Дәптермен жұмыс** | Балалар, енді барлықтарың дәптерлеріңді ашып, бүгінгі күнді жазып алыңдар. Оқулықта берілген жазба жұмыстарды орындау. | Кейбір оқушылар жазба жұмысын орындау кезінде жеке-дара көмек көрсетілуін талап етеді. | | |
| **Бекіту** | Оқушыларды екі топқа бөледі. Оқушыларға өздері қалаған зат есімді қатыстырып сөйлем құрау ұсынылады. | Әр топ өздеріне берілген зат есім түрлеріне екі-екі мысалдан келтіреді.<br>І топ<br>1. Негізгі зат есімдер:<br>2. Жалпы зат есімдер:<br>3. Дара зат есімдер:<br>4. Деректі зат есімдер:<br>ІІ топ<br>1. Туынды зат есімдер:<br>2. Жалқы зат есімдер:<br>3. Күрделі зат есімдер:<br>4. Дерексіз зат есімдер: | | |

| Күтілетін нәтижелер | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **1-топ** | **2-топ** | **3-топ** | **4-топ** | | |
| Оқушылар сөз таптарын біледі. Зат есімнің жалқы және жалпы түрлерін ажыратады. Мысалдар келтіреді. | Оқушы сөз таптарын атайды, зат есімді сұрақ қою арқылы таба біледі. | Оқушылар зат есім сөздерінің мағынасын, олардың сұрақтарын біледі. | Жеке оқыту бағдарламасына сәйкес тапсырманы орындайды. | | |
| **Сабақтың соңы** | Сабақта өткен тақырыптың мазмұнын еске түсіру. Сұрақ қою арқылы жаңа сабақты қорытындылау. Оқушылар сұрақтарға жауап береді. Мысал келтіреді. | | | | |
| **Үйге тапсырма** | Жалқы және жалпы есімдерді қатыстырып 5 сөйлем құрастыру. Зат есім туралы оқу. | | | | |
| **Рефлексия** | | | | | |
| **Сабақ барысында туындаған маңызды сұрақтар** | | | | | |
| **Қорытынды баға (оқыту және оқу жағынан)** | | | | | |
| **Сабақты қандай сәттер жақсартты?** | | | | | |
| **Мен сабақта сынып туралы және жеке оқушылар туралы не білдім?<br>Келесі сабақта не туралы айтамын?** | | | | | |

**№4-сабақ**

________________________________________

*(арнайы білім беру ұйымының атауы)*

## Арнайы білім беру ұйымдарының педагогіне арналған сабақ жоспары немесе қысқа мерзімді жоспар үлгісі

**Жай сөйлем. Жай сөйлем түрлері**

*(сабақтың тақырыбы)*

| | | |
|---|---|---|
| **Ауыспалы тақырып** | Ғарыш әлемі | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | |
| **Күні** | | |
| **Сынып:** | **Қатысушылар саны:** | **Қатысպағандар саны:** |
| **Бағдарлама бойынша оқу мақсаттары** | 5.4 сөйлем;<br>9.5.4.1 сөйлем мүшелерін анықтау;<br>9.4.4.2 сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану;<br>9.5.4.3 жай сөйлем түрлерін ажырата білу;<br>9.5.4.4 сөйлемнің мағынасына сәйкес тыныс белгілерін қоя білу.<br>1. Жай сөйлем, жай сөйлем түрлері туралы білім бере отырып, олардың бұрыннан бар білімдерін тереңдету.<br>2. Алған білімдерін өмірде қолдана білуге машықтандыру.<br>3. Қазақ тілі этикасын сақтап, сөйлеу мәдениетін меңгерту. | |
| **Сабақтың мақсаты** | Жай сөйлем туралы өткенді қайталай отырып, оқушылардың білімін нақтылау және бекіту.<br>Жай сөйлемдердің айтылуы мен құрылымына қарай бөлінуі туралы түсінік бере отырып, сөйлемдердің айтқан адамның көңіл күйіне байланысты түрленуіне оқушылардың назарын аудару.<br>Жай сөйлемдерді айтылуына, құрылымына қарай түрлендіруге үйрету, сөйлеу тілінде болып жатқан жағдайға сәйкес қолдануға үйрету. | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Тақырыпқа қатысты білімді өз деңгейінде меңгерту мүмкіндіктерін жан-жақты қарастыру. Шығармашылық пен тапқырлыққа баулу.<br>Оқушылардың сөйлем туралы меңгерген білімдеріне сүйене отырып олардың жазу, оқу дағдыларын жетілдіру, ойлау қызметтерін жандандыру.<br>Сауатты жазу арқылы ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу. | | | |
| **Бағалау критерийлері** | Мұғалімнің көмегімен сөйлемдерді оқиды, ажыратады.<br>Мәтіннен қажетті сөйлем түрлерін табады. Жай сөйлемдерге мысал келтіреді.<br>Жай сөйлемдерді тапсырма бойынша жіктейді, түрлендіреді. Мысал келтіреді. | | | |
| **Қолданылатын әдіс-тәсілдер** | Хабарлау, түсіндіру, көрсету, мысал келтіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ой қозғау, бақылау, ойын, көрнекілік, рефлексия. | | | |
| **Пәнаралық байланыс** | Алған білімдері мен дағдыларын орыс тілі, оқу, жаратылыстану және т.б. сабақтарда, тұрмыста, сыныптан тыс шараларда қолдану. | | | |
| **Сабақ барысы** | | | | |
| **Сабақтың кезеңдері** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушылардың әрекеттері** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
| **Ұйымдастыру кезеңі** | Қатысушыларды жаңа материалды игеруге дайындау.<br>– Балалар, көңіл күйлерің қалай? Сендерге бүгінгі сабақта сәттілік тілеймін.<br>Үй тапасырмасын тексереді, бағалайды. | Оқушылар мұғалімді қарсы алады. Сабақты жақсы көңіл күймен бастайды. | | Оқулық. Жазу дәптері. Заттық, тақырыптық суреттер. Кестелер. Кеспелі парақшалар. АКТ (интербелсенді тақта) қолдану. Үлестірмелі материалдар. Жай сөйлемдер, жай сөйлемдердің түрлері көрсетілген материалдар. |
| **Жаңа сабаққа дайындық** | Бар білімді өзектендіру.<br>Меңгерген білімді тексеру мақсатында әртүрлі сұрақтар қояды. | 1. Сөз деген не?<br>2. Сөйлем деген не?<br>3. Сөйлем неден құралады?<br>4. Сөйлем соңында қандай белгі қойылады? | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | «Жай сөйлем. Жай сөйлем түрлері» тақырыбы бойынша сұрақтар қояды. | 5. Сөз бен сөйлемнің айырмашылығы қандай? деген сұрақтарға жауап береді және мысал келтіреді. | | |
| **Сабақтың басы** | Диалогті пайдалана отырып, сабақтың тақырыбы мен жаңа материалды баяндайды. Мұғалім сөзі:<br>– Оқушылар, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы – Жай сөйлем. Жай сөйлем түрлері. Жай сөйлемнің айтылу мақсаты және көлемі әрқашан бір сипатта бола бермейді. Айтылу мақсаты мен интонациясына, мазмұнына қарай хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты сөйлем болып бөлінеді.<br>Құрылымына қарай жалаң және жайылма сөйлем болып бөлінеді. Егер сөйлем бастауыш және баяндауыштан ғана құралса, онда ол жалаң сөйлем. Мысалы: *Сабақ бітті.* Егер сөйлемнің құрамында бастауыш пен баяндауыштан да басқа сөйлем мүшелері болса, онда ол жайылма сөйлем. Мысалы: *Дастан сабақта үндемеді.* | Оқушылар сөйлем туралы білімдерін еске түсіреді. Оқушыларға әртүрлі сөйлемдер жазылған кеспепарақтар таратылады. Оқушылар берілген сөйлемдерді оқып, оларды ажыратады.<br>Дастан бүгін сабаққа келмеді.<br>Дастан бүгін сабаққа келмеді ме?<br>Дастанның бүгін сабаққа келмегенін қарашы!<br>Дастан ертең сабақтан қалмасын!<br>Мұғалімнің көмегімен оқулықта берілген тапсырмаларды орындайды. Сұраққа жауап береді. Кейбір оқушылар жазба жұмысын орындау кезінде жеке-дара көмек көрсетілуін талап етеді. | | |
| **Сабақтың ортасы** | Жаңа тақырып бойынша оқушыларға сұрақ қойылады.<br>1. Жалаң сөйлем дегеніміз не? Мысал келтір. | Оқушылар сұрақтарға жауап береді, мысалдар келтіреді.<br>Оқушылар оқылған сөйлемдердің қай түрге жататынын тауып айтады. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 2. Жайылма сөйлем дегеніміз не? Мысал келтір.<br>3. Айтылу мақсатына қарай жай сөйлем қандай түрлерге бөлінеді? Жай сөйлемнің әр түрінен сөйлемдер оқылады. | *Сабақ басталды. Балалар сыныпқа кірді. Дастан партаға отырды. Мұғалім сабақ сұрады. Дастан оқыды.* | | |
| **Оқулықпен жұмыс** | Мұғалім сыныптағы оқушылардың даму деңгейіне қарай отырып, тапсырмаларды таңдап ұсынады. | Оқушылар оқулықтағы тапсырмаларды орындайды. Алайда оқулықта берілген барлық тапсырмаларды орындау шарт емес. | | |
| **Дәптермен жұмыс** | – Балалар, енді барлықтарың дәптерлеріңді ашып, бүгінгі күнді жазып алыңдар. | Оқулықта берілген жазба жұмыстарды орындайды. | | |
| **Бекіту** | Мұғалім тақтаға семантикалық карта іледі. Оқушылар кезекпен шығып жай сөйлемнің қай түріне жататынын белгілейді. Картадағы жалаң сөйлемді жайылма сөйлемге, жайылма сөйлемді жалаң сөйлемге айналдырады. | | | |

| № | Мысалдар | Жалаң сөйлем | Жайылма сөйлем | Хабарлы сөйлем | Сұраулы сөйлем | Лепті сөйлем |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Маған сабақтан қалуға болмайды. | | | | | |
| 2 | Әжем бәліш пісірді. | | | | | |
| 3 | Дастан оқыды. | | | | | |
| 4 | Күн қандай тамаша! | | | | | |
| 5 | Дастан киноға барды. | | | | | |
| 6 | Бүгін қазақ тілі сабағы бар. | | | | | |
| 7 | Біз ертең не істейміз? | | | | | |
| 8 | Қоңырау соғылды. | | | | | |
| 9 | Сен футболға бардың ба? | | | | | |
| 10 | Алақай, бес алдым! | | | | | |

| Күтілетін нәтижелер | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **1-топ** | **2-топ** | **3-топ** | **4-топ** | | |
| Оқушы жай сөйлемдерді айтылуына қарай, құрылымына қарай жіктейді. Хабарлы сөйлемді сұраулы, лепті сөйлемдерге айналдыра алады. Жалаң сөйлемді жайылма сөйлемге, сондай-ақ керісінше түрлендіре алады. | Оқушы жай сөйлем түрлерін атайды. Олардың мағынасын түсінеді. | Оқушы жай сөйлемдерді біледі, оларды айтылуына қарай ажыратады. | Жеке оқыту бағдарламасына сәйкес тапсырманы орындайды. | | |
| **Сабақтың соңы** | Сабақта өткен тақырыптың мазмұнын еске түсіру. Сұрақ қою арқылы жаңа сабақты қорытындылау. Жалаң және жайылма сөйлемдерге, хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерге бір-бірден мысал келтіру. | | | | |
| **Үйге тапсырма** | Жай сөйлемнің түрлеріне 5 сөйлем жазып келу. Сөйлемдерге синтаксистік талдау жасау. | | | | |
| **Рефлексия** | | | | | |
| **Сабақ барысында туындаған маңызды сұрақтар** | | | | | |
| **Қорытынды баға (оқыту және оқу жағынан)** | | | | | |
| **Сабақты қандай сәттер жақсартты?** | | | | | |
| **Мен сабақта сынып туралы және жеке оқушылар туралы не білдім? Келесі сабақта не туралы айтамын?** | | | | | |

# ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР


1. Аяпова Т. Т. Семантика онтогенезі және тілдік белгілердің даму ерекшеліктері. – Алматы, 2001.

2. Әлімжанов Д., Маманов Ы. Қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы: Мектеп, 1996. – 248 б.

3. Бакраденова А .Б. Мектеп жасына дейінгі балалардың қазақша сөйлеу тілін дамыту. – Алматы, 1993.

Гаврилушкина О. П., Соколова Н. Д. Воспитание и обучение умственно отсталых дошкольников. М.: Просвещение, 1985.

4. Горецкий В. Н. и другие. Обучение в 1-классе. Мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал. М.: Просвещение, 1988.

5. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 160 б.

6. Лернер М.Я. Дидактические основы методов обучения. – Москва: Педагогика, 1981. – 83 с.

7. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы: Ана тілі.– 184 б.

8. Сохин В. А. Психолого-педагогические основы развития речи дошкольников. Оқу-әдістемелік құрал. – М.: МПСИ; Воронеж: МОДЭК, 2002. – 92 б.

# МАЗМҰНЫ

Кіріспе ........................................................................................ 3

Оқулықты оқу үдерісінде пайдалану ........................................... 6

Зерде бұзылыстары бар балаларды
қазақ тіліне оқыту тәсілдемесінің ерекшеліктері ......................... 9

*1-қосымша.* Арнайы білім беру ұйымдарының педагогіне
арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспар үлгісі ........................ 12

*2-қосымша.* Оқушының оқудағы жетістік картасының үлгісі..... 46

*3-қосымша.* Арнайы білім беру ұйымдарының
педагогіне арналған сабақ жоспары немесе
қысқа мерзімді жоспар үлгісі. Күрделі сөздер ........................... 51

Арнайы білім беру ұйымдарының педагогіне арналған
сабақ жоспары немесе қысқа мерзімді жоспар үлгісі.
Буын және тасымал......................................................................... 57

Арнайы білім беру ұйымдарының педагогіне арналған
сабақ жоспары немесе қысқа мерзімді жоспар үлгісі.
Сөз таптары. Зат есім...................................................................... 62

Арнайы білім беру ұйымдарының педагогіне арналған
сабақ жоспары немесе қысқа мерзімді жоспар үлгісі.
Жай сөйлем. Жай сөйлем түрлері.................................................. 67

Пайдаланылған әдебиеттер ........................................................ 72

Оқу басылымы

**Есенжолова Гүлия Жанғазиевна**

**ҚАЗАҚ ТІЛІ**

Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған
оқыту орыс тілінде жүретін арнайы мектептердің (сыныптардың)
9-сыныбына арналған әдістемелік құрал

Редакторы Г. Ж. Есенжолова
Компьютерде беттеген С. К. Ильясова

Басуға 25.05.2021 қол қойылды.
Есептік баспа табағы 4,75. Шартты баспа табағы 4,42.
Пішімі 60х84 $^{1}/_{16}$. Офсеттік қағаз